

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық, қылмыстық-процестік заңнама мен құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдар қызметін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2018 жылғы 12 шілдедегі № 180-VI ҚРЗ.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы Заңның қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз.

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., № 13-I, 13-II, 83-құжат; № 21, 122-құжат; 2015 ж., № 16, 79-құжат; № 21-III, 137-құжат; № 22-I, 140-құжат; № 22-III, 149-құжат; № 22-V, 156-құжат; № 22-VI, 159-құжат; 2016 ж., № 7-II, 55-құжат; № 8-II, 67-құжат; № 12, 87-құжат; № 23, 118-құжат; № 24, 126-құжат; 2017 ж., № 8, 16-құжат; № 9, 21-құжат; № 14, 50-құжат; № 16, 56-құжат; № 22-III, 109-құжат; № 23-III, 111-құжат; № 24, 115-құжат; 2018 ж., № 1, 2-құжат):

1) 3-бапта:

2) және 3) тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"2) айтарлықтай залал және айтарлықтай мөлшер – 198 және 199-баптарда – айлық есептік көрсеткіштен екі жүз есе асатын залал мөлшері немесе зияткерлік меншік объектілерін пайдалану құқықтарының құны не авторлық құқық және (немесе) сабақтас құқықтар объектілері даналарының немесе өнертабыстар, пайдалы модельдер, өнеркәсіптік үлгілер, селекциялық жетістіктер немесе интегралдық микросхемалар топологиялары қамтылған тауарлардың құны; 202-бапта – айлық есептік көрсеткіштен екі жүз есе асатын сомадағы залал; 214-бапта – құны екі мың айлық есептік көрсеткіштен асатын тауарлар саны; 233-бапта – айлық есептік көрсеткіштен бір мың есе асатын сомада келтірілген залал; 325, 326, 328, 335, 337 және 342-баптарда – қоршаған ортаны және табиғи ресурстардың тұтынушылық қасиеттерін қалпына келтіру үшін қажетті шығындардың бір жүз айлық есептік көрсеткіштен асатын мөлшердегі құндық көрінісі; өзге баптарда – айлық есептік көрсеткіштен екі жүз есе асатын сомадағы залал мөлшері; 366 және 367-баптарда – елуден үш мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі ақша сомасы, бағалы қағаздардың, өзге де мүліктің немесе мүліктік сипаттағы пайданың құны;

3) аса ірі залал және аса ірі мөлшер – 188, 191 және 192-баптарда – айлық есептік көрсеткіштен екі мың есе асатын мүлік құны немесе залал мөлшері; 189, 190, 194, 197, 202 және 204-баптарда – айлық есептік көрсеткіштен төрт мың есе асатын мүлік құны

немесе залал мөлшері; 214-бапта – сомасы жиырма мың айлық есептік көрсеткіштен асатын кіріс; 216-бапта – азаматқа айлық есептік көрсеткіштен бес мың есе асатын сомада келтірілген залал не ұйымға немесе мемлекетке айлық есептік көрсеткіштен елу мың есе асатын сомада келтірілген залал; 217-бапта – сомасы бес мың айлық есептік көрсеткіштен асатын кіріс; 229, 230-баптарда – айлық есептік көрсеткіштен жиырма мың есе асатын сомадағы залал; 234-бапта – жиырма мың айлық есептік көрсеткіштен асатын, алып өткізілген тауарлардың құны; 245-бапта – елу мың айлық есептік көрсеткіштен асатын, бюджетке түспеген төлемдер сомасы; 253-бапта – екі мың айлық есептік көрсеткіштен асатын ақша сомасы, бағалы қағаздардың, өзге де мүліктің немесе мүліктік сипаттағы пайданың құны; 307-бапта – сомасы бес мың айлық есептік көрсеткіштен асатын кіріс; 324, 325, 326, 328, 329, 330, 332, 333, 334, 337 және 343-баптарда – қоршаған ортаны және табиғи ресурстардың тұтынушылық қасиеттерін қалпына келтіру үшін қажетті шығындардың жиырма мың айлық есептік көрсеткіштен асатын мөлшердегі құндық көрінісі; 365-бапта – азаматқа айлық есептік көрсеткіштен екі мың есе асатын сомада келтірілген залал не ұйымға немесе мемлекетке айлық есептік көрсеткіштен он мың есе асатын сомада келтірілген залал; 366 және 367-баптарда – он мың айлық есептік көрсеткіштен асатын ақша сомасы, бағалы қағаздардың, өзге де мүліктің немесе мүліктік сипаттағы пайданың құны; өзге баптарда – айлық есептік көрсеткіштен төрт мың есе асатын сомадағы залал мөлшері;";

29) тармақтағы "215 (екінші бөлігінің 3) тармағында)," деген сөздер алып тасталсын ;

38) тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"38) ірі залал және ірі мөлшер – 185, 186 және 458-баптарда – айлық есептік көрсеткіштен бес жүз есе асатын сомадағы залал; 188, 191 және 192-баптарда – айлық есептік көрсеткіштен бес жүз есе асатын мүлік құны немесе залал мөлшері; 189, 190, 194, 195, 196, 197, 200, 202 және 204-баптарда – айлық есептік көрсеткіштен бір мың есе асатын мүлік құны немесе залал мөлшері; 198 және 199-баптарда – айлық есептік көрсеткіштен бір мың есе асатын залал мөлшері немесе зияткерлік меншік объектілерін пайдалану құқықтарының құны не авторлық құқық және (немесе) сабақтас құқықтар объектілері даналарының немесе өнертабыстар, пайдалы модельдер, өнеркәсіптік үлгілер, селекциялық жетістіктер немесе интегралдық микросхемалар топологиялары қамтылған тауарлардың құны; 214-бапта – сомасы он мың айлық есептік көрсеткіштен асатын кіріс; 214, 221, 237, 238 (бірінші бөлігі), 239 (бірінші және екінші бөліктері), 240, 242, 243 және 250 (екінші бөлігі)-баптарда – азаматқа айлық есептік көрсеткіштен екі мың есе асатын сомада келтірілген залал не ұйымға немесе мемлекетке айлық есептік көрсеткіштен он мың есе асатын сомада келтірілген залал; 216-бапта – азаматқа айлық есептік көрсеткіштен екі мың есе асатын сомада келтірілген залал не ұйымға немесе мемлекетке айлық есептік көрсеткіштен жиырма мың есе асатын сомада келтірілген залал; 217-бапта – сомасы бір мың айлық есептік көрсеткіштен асатын кіріс; 218-бапта

– жиырма мың айлық есептік көрсеткіштен асатын сомаға қылмыстық жолмен алынған ақша және (немесе) өзге де мүлік; 219, 222, 223, 224, 225, 226, 227, 228 және 241-баптарда – азаматқа айлық есептік көрсеткіштен екі жүз есе асатын сомада келтірілген залал не ұйымға немесе мемлекетке айлық есептік көрсеткіштен екі мың есе асатын сомада келтірілген залал; 220, 229, 230-баптарда – айлық есептік көрсеткіштен он мың есе асатын сомадағы залал; 221-бапта – сомасы жиырма мың айлық есептік көрсеткіштен асатын кіріс; 231-бапта – қолдан жасалған банкноттардың, монеталардың, бағалы қағаздардың, шетел валютасының айлық есептік көрсеткіштен бес жүз есе асатын құны; 234-бапта – алып өткізілген тауарлардың он мың айлық есептік көрсеткіштен асатын құны; 235-бапта – ұлттық валютада және шетел валютасында қайтарылмаған қаражаттың он бес мың айлық есептік көрсеткіштен асатын сомасы; 236-бапта – төленбеген кедендік баждардың, кедендік алымдардың, салықтардың, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарының бес мың айлық есептік көрсеткіштен асатын құны; 238 (екінші бөлігі) және 239 (үшінші бөлігі)-баптарда – орта кәсіпкерлік субъектісіне айлық есептік көрсеткіштен жиырма мың есе асатын сомада не ірі кәсіпкерлік субъектісіне айлық есептік көрсеткіштен қырық мың есе асатын сомада келтірілген залал; 244, 245-баптарда – бюджетке түспеген төлемдердің жиырма мың айлық есептік көрсеткіштен асатын сомасы; 247-бапта – үш жүз айлық есептік көрсеткіштен асатын, адам алған сома немесе оған көрсетілген қызметтер құны; 253-бапта – бес жүз айлық есептік көрсеткіштен асатын ақша сомасы, бағалы қағаздардың, өзге де мүліктің немесе мүліктік сипаттағы пайданың құны; 258-бапта – бір мың айлық есептік көрсеткіштен асатын ақша сомасы, мүліктің, мүліктік сипаттағы пайданың, көрсетілген қызметтердің құны; 274-бапта – азаматқа айлық есептік көрсеткіштен екі мың есе асатын сомада келтірілген залал не ұйымға немесе мемлекетке айлық есептік көрсеткіштен он мың есе асатын сомада келтірілген залал; 292-бапта – жеке тұлғаға айлық есептік көрсеткіштен бір мың есе асатын сомада келтірілген залал не ұйымға немесе мемлекетке айлық есептік көрсеткіштен екі мың есе асатын сомада келтірілген залал; 307-бапта – сомасы бір мың айлық есептік көрсеткіштен асатын кіріс; 323-бапта – жалған жасалған дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдардың немесе медициналық техниканың бір мың айлық есептік көрсеткіштен асатын құны; 324, 325, 326, 328, 329, 330, 332, 333, 334, 335, 337, 338, 340, 341 және 343-баптарда – қоршаған органы және табиғи ресурстардың тұтынушылық қасиеттерін қалпына келтіру үшін қажетті шығындардың бір мың айлық есептік көрсеткіштен асатын мөлшердегі құндық көрінісі; 344-бапта – екі мың айлық есептік көрсеткіштен асатын залал мөлшері; 350, 354, 355 және 356-баптарда – азаматқа айлық есептік көрсеткіштен екі жүз есе асатын мөлшерде келтірілген залал не ұйымға немесе мемлекетке айлық есептік көрсеткіштен бір мың есе асатын мөлшерде келтірілген залал; 365-бапта – азаматқа айлық есептік көрсеткіштен екі жүз есе асатын сомада келтірілген залал не ұйымға немесе мемлекетке айлық есептік көрсеткіштен екі мың есе асатын сомада келтірілген залал; 366 және 367-

баптарда – үш мыңнан асатын және он мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі ақша сомасы, бағалы қағаздардың, өзге де мүліктің немесе мүліктік сипаттағы пайданың құны; 399-бапта – арнайы техникалық құралдардың бес мың айлық есептік көрсеткіштен асатын құны; өзге баптарда – айлық есептік көрсеткіштен бір мың есе асатын сомадағы залал мөлшері;";

2) 10-баптың екінші бөлігі "түзеу жұмыстары," деген сөздерден кейін "қоғамдық жұмыстарға тарту," деген сөздермен толықтырылсын;

3) 40-баптың екінші бөлігі мынадай мазмұндағы 2-1) тармақпен толықтырылсын: "2-1) қоғамдық жұмыстарға тарту;";

4) 41 және 42-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"41-бап. Айыппұл

1. Айыппұл – осы Кодексте көзделген шекте, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген және қылмыстық құқық бұзушылық жасалған кезде қолданыста болған айлық есептік көрсеткіштің белгілі бір санына сәйкес келетін мөлшерде не пара сомасына немесе құнына, берілген ақша сомасына немесе берілген мүлік құнына, жымқырылған мүлік құнына, алынған кіріс сомасына немесе бюджетке түспеген төлемдер сомасына еселенген мөлшерде тағайындалатын ақшалай өндіріп алу

2. Айыппұл қылмыстық теріс қылықтар үшін – айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан екі жүзге дейінгі шегінде, қылмыстар үшін айлық есептік көрсеткіштің екі жүзден он мыңға дейінгі шегінде не еселенген мөлшерде белгіленеді.

3. Айыппұл тағайындау кезінде сот оның мөлшері мен төлеу мерзімін қылмыстық құқық бұзушылықтың ауырлығын, сотталған адамның мүліктік және отбасылық жағдайын, оның жалақы немесе өзге де кіріс алу мүмкіндігін ескере отырып айқындайды.

4. Айыппұл төлеу мерзімі үкім заңды күшіне енген кезден бастап есептеледі және сот үкімі бойынша үш жылдан аспайды.

5. Сотталған адамның жалақысының кешіктірілуіне немесе төленбеуіне, уақытша еңбекке жарамсыздығына, жұмысынан немесе кірісінен айырылуына байланысты мүліктік жағдайы уақытша нашарлаған жағдайда, сот кейінге қалдыруды бір айдан бір жылға дейінгі мерзімге бере алады. Кейінге қалдыру уақыты сот үкімінде белгіленген, айыппұл төлеу мерзімін есептеуге кірмейді.

6. Айыппұл белгіленген мерзімде төленбеген кезде сот үкімі (қаулысы) мәжбүрлеп орындауға жатады. Айыппұлдың төленбеген бөлігі:

1) қылмыстық теріс қылық үшін сотталғандарға – төленбеген бір айлық есептік көрсеткіш үшін қоғамдық жұмыстардың бір сағаты есебімен қоғамдық жұмыстарға тартумен не төленбеген төрт айлық есептік көрсеткіш үшін қамаққа алудың бір тәулігі есебімен қамаққа алумен;

2) онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс үшін сотталғандарға – төленбеген төрт айлық есептік көрсеткіш үшін бас бостандығын шектеудің немесе бас бостандығынан айырудың бір күні есебімен бас бостандығын шектеумен не бас бостандығынан айырумен;

3) ауыр қылмыс үшін сотталғандарға – төленбеген төрт айлық есептік көрсеткіш үшін бас бостандығынан айырудың бір күні есебімен бас бостандығынан айырумен;

4) еселенген айыппұлға сотталғандарға төленген және өндіріп алынған айыппұл бөлігін ескере отырып, осы Кодекстің Ерекше бөлігінің тиісті бабының санкциясы шегінде бас бостандығынан айырумен ауыстырылады.

7. Аталған қылмыстық құқық бұзушылық үшін көзделгеннен неғұрлым жеңіл жаза тағайындау, аяқталмаған қылмыс үшін жаза тағайындау кезінде, сондай-ақ жазаны ауыстыру кезінде айыппұл мөлшері осы бапта белгіленген ең төменгі шектен төмен болуы мүмкін.

42-бап. Түзеу жұмыстары

1. Түзеу жұмыстары – осы Кодексте көзделген шекте, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген және қылмыстық құқық бұзушылық жасалған кезде қолданыста болған айлық есептік көрсеткіштің белгілі бір санына сәйкес келетін мөлшерде тағайындалатын ақшалай өндіріп алу.

2. Түзеу жұмыстары алименттерді, жарақаттануға немесе денсаулықтың өзге де зақымдануына, сондай-ақ асыраушысының қайтыс болуына байланысты келтірілген зиянды өтеу есебіне мерзімдік төлеуге (өндіріп алуға) жататын қаражатты шегергенде, сотталған адамның жалақысының (ақшалай үлесінің) оннан елу пайызға дейінгісін ай сайын ұстап қалу және Жәбірленушілерге өтеу қорына аудару арқылы орындалады.

3. Түзеу жұмыстары қылмыстық теріс қылықтар үшін – айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан екі жүзге дейінгі шегінде, қылмыстар үшін айлық есептік көрсеткіштің екі жүзден он мыңға дейінгі шегінде белгіленеді.

4. Түзеу жұмыстарын тағайындау кезінде сот олардың көлемін қылмыстық құқық бұзушылықтың ауырлығын, сотталған адамның мүлдіктік және отбасылық жағдайын ескере отырып айқындайды.

5. Еңбекке қабілеттілігін жоғалтқан жағдайда, сотталған адам жазаның қалған бөлігін орындаудан босатылуы мүмкін не орындалмаған бөлік айыппұлмен ауыстырылады. Түзеу жұмыстарын орындауға кедергі келтіретін өзге мән-жайлар туындаған жағдайда, олар:

1) қылмыстық теріс қылық үшін сотталғандарға – өндіріп алынбаған бір айлық есептік көрсеткіш үшін қоғамдық жұмыстардың бір сағаты, өндіріп алынбаған төрт айлық есептік көрсеткіш үшін қамаққа алудың бір тәулігі есебімен қоғамдық жұмыстарға тартуға не қамаққа алуға;

2) онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс үшін сотталғандарға – өндіріп алынбаған төрт айлық есептік көрсеткіш үшін бас бостандығын шектеудің немесе бас

бостандығынан айырудың бір күні есебімен бас бостандығын шектеуге не бас бостандығынан айыруға;

3) ауыр қылмыс үшін сотталғандарға өндіріп алынбаған төрт айлық есептік көрсеткіш үшін бас бостандығынан айырудың бір күні есебімен бас бостандығынан айыруға ауыстырылады.

6. Аталған қылмыстық құқық бұзушылық үшін көзделгеннен неғұрлым жеңіл жаза тағайындау, аяқталмаған қылмыс үшін жаза тағайындау кезінде, сондай-ақ жазаны ауыстыру кезінде түзеу жұмыстарының мөлшері осы бапта белгіленген ең төменгі шектен төмен болуы мүмкін.

7. Түзеу жұмыстары еңбекке қабілетсіз деп танылған не тұрақты жұмысы жоқ немесе оқу орындарында өндірістен қол үзіп оқитын адамдарға тағайындалмайды.";

5) 43-бапта:

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қоғамдық жұмыстар қылмыстық теріс қылықтар үшін – жиырмадан екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге, онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар үшін екі жүзден бір мың екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге белгіленеді. Қоғамдық жұмыстар сотталған адамды оларды өтеу уақыты кезінде негізгі жұмыс орны бойынша еңбек міндеттерін орындаудан босата отырып не оқудан бос уақытында күніне төрт сағаттан асырылмай өтеледі.";

мынадай мазмұндағы 2-1 және 2-2-бөліктермен толықтырылсын:

"2-1. Қоғамдық жұмыстардан жалтарған жағдайда, олар:

1) қылмыстық теріс қылық үшін сотталғандарға – қоғамдық жұмыстардың орындалмаған төрт сағаты үшін қамаққа алудың бір тәулігі есебімен қамаққа алуға;

2) қылмыс үшін сотталғандарға қоғамдық жұмыстардың орындалмаған төрт сағаты үшін бас бостандығын шектеудің немесе бас бостандығынан айырудың бір күні есебімен бас бостандығын шектеуге не бас бостандығынан айыруға ауыстырылады.

2-2. Аталған қылмыстық құқық бұзушылық үшін көзделгеннен неғұрлым жеңіл жаза тағайындау, аяқталмаған қылмыс үшін жаза тағайындау кезінде, сондай-ақ жазаны ауыстыру кезінде қоғамдық жұмыстардың мерзімі осы бапта белгіленген ең төменгі шектен төмен болуы мүмкін.";

6) 44-бапта:

бірінші және үшінші бөліктер мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Бас бостандығын шектеу сотталған адамға алты айдан жеті жылға дейінгі мерзімге пробациялық бақылау белгілеуден және оны жазаны өтеудің бүкіл мерзімі ішінде жыл сайын бір жүз сағаттан мәжбүрлі еңбекке тартудан тұрады. Бас бостандығын шектеу сотталған адамның тұрғылықты жері бойынша қоғамнан оқшауланбай өтеледі. Мәжбүрлі еңбекті жергілікті атқарушы органдар қоғамдық орындарда ұйымдастырады және күніне төрт сағаттан асырылмай өтеледі. Тұрақты жұмыс орны бар немесе оқып жүрген сотталғандар, кәмелетке толмағандар, жүкті

әйелдер, үш жасқа дейінгі жас балалары бар әйелдер, үш жасқа дейінгі жас балаларын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған еркектер, елу сегіз жастағы және ол жастан асқан әйелдер, алпыс үш жастағы және ол жастан асқан еркектер, бірінші немесе екінші топтағы мүгедектер, сондай-ақ жазасы алты айдан аз мерзімге бас бостандығын шектеуге ауыстырылған сотталғандар мәжбүрлі еңбекке тартылмайды.";

"3. Бас бостандығын шектеуді өтеуден қаскөйлікпен жалтарған жағдайда, оның өтелмеген мерзімі бас бостандығын шектеудің бір күні үшін бас бостандығынан айырудың бір күні есебімен бас бостандығынан айыруға ауыстырылады.";

мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

"4. Аталған қылмыстық құқық бұзушылық үшін көзделгеннен неғұрлым жеңіл жаза тағайындау, аяқталмаған қылмыс үшін жаза тағайындау кезінде, сондай-ақ жазаны ауыстыру кезінде бас бостандығын шектеу мерзімі осы бапта белгіленген ең төменгі шектен төмен болуы мүмкін.";

7) 45-бапта:

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қамаққа алу он тәуліктен елу тәулікке дейінгі мерзімге белгіленеді. Ұстап алу мерзімі қамаққа алу мерзіміне қосылады.";

мынадай мазмұндағы бесінші бөлікпен толықтырылсын:

"5. Жазаны ауыстыру кезінде қамаққа алу мерзімі осы бапта белгіленген ең төменгі шектен төмен болуы мүмкін.";

8) 46-бапта:

үшінші бөлік "түзеу жұмыстарын" деген сөздерден кейін ", қоғамдық жұмыстарға тартуды" деген сөздермен толықтырылсын;

бесінші бөліктің 1), 2) және 3) тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"1) қылмыстық-атқару жүйесінің қауіпсіздігі барынша төмен мекемелерінде: абайсызда жасаған қылмыстары үшін сотталған адамдарға; осы Кодекстің 7, 8, 9, 12 және 13-тарауларында көзделген, күш қолданумен байланысты емес қылмыстар үшін сотталған адамдарға; қылмыспен келтірілген залалды толық өтеген жағдайда, осы Кодекстің 15-тарауында көзделген қылмыстар үшін сотталған адамдарға; қасақана қылмыс жасағаны үшін екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жаза тағайындалған, алғаш рет сотталған адамдарға;

2) қылмыстық-атқару жүйесінің орташа қауіпсіз мекемелерінде: қасақана онша ауыр емес, ауырлығы орташа немесе ауыр қылмыстар жасағаны үшін екі жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыруға сотталған, бұрын бас бостандығынан айыруды өтемеген адамдарға; аса ауыр қылмыс жасаған, сондай-ақ қылмыстардың қайталануы кезінде әйелдерге; айыппұл, түзеу жұмыстары, қоғамдық жұмыстарға тарту, бас бостандығын шектеу бас бостандығынан айырумен ауыстырылған адамдарға;

3) қылмыстық-атқару жүйесінің қауіпсіздігі барынша жоғары мекемелерінде: аса ауыр қылмыстар жасағаны үшін бас бостандығынан айыруға алғаш рет сотталған

еркектерге; осы Кодекстің 7, 8, 9, 12 және 13-тарауларында көзделген, күш қолданумен байланысты емес қылмыстар үшін сотталған адамдарды, сондай-ақ қылмыспен келтірілген залалды толық өтеген жағдайда, осы Кодекстің 15-тарауында көзделген қылмыстар үшін сотталған адамдарды қоспағанда, бас бостандығынан айыруға сотталған, қасақана қылмыс жасағаны үшін бұрын бас бостандығынан айыруды өтеген адамдарға; қылмыстардың қайталануы кезінде сотталған еркектерге; қылмыстардың қауіпті қайталануы кезінде – әйелдерге;"

9) 50-баптың төртінші бөлігіндегі "бас бостандығынан айырылған, қамаққа алынған" деген сөздер "бас бостандығынан айыру, қамаққа алу өтелген" деген сөздермен ауыстырылсын;

10) 54-баптың екінші бөлігіндегі "қайтадан ескерілмеуі мүмкін" деген сөздер "қайта ескерілмейді" деген сөздермен ауыстырылсын;

11) 55-бапта:

екінші бөлікте:

бірінші абзацтағы "жаза мерзімін" деген сөздер "жазаның негізгі түрінің мерзімін" деген сөздермен, "жазаның анағұрлым қатаң түрінің ең жоғары мерзімінің немесе мөлшерінің" деген сөздер "ең жоғары мерзімнің немесе мөлшердің" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) тармақта орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізіледі, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Жеделдетілген сотқа дейінгі тергеп-тексеру істері бойынша, сондай-ақ процестік келісімнің барлық шарттары орындалған істер бойынша жасалған қылмыстық құқық бұзушылық үшін жазаның негізгі түрінің мерзімін немесе мөлшерін осы Кодекстің Ерекше бөлімінің тиісті бабында көзделген ең жоғары мерзімнің немесе мөлшердің жартысынан асыруға болмайды. Айыптау үкімі бұйрықты іс жүргізу тәртібімен шығарылған істер бойынша айыппұл қылмыстық теріс қылық жасалған кезде – айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырмаға дейінгі, онша ауыр емес қылмыс жасалған кезде айлық есептік көрсеткіштің елуден екі жүзге дейінгі мөлшерінде тағайындалады.";

мынадай мазмұндағы жетінші бөлікпен толықтырылсын:

"7. Қылмысқа дайындалғаны немесе оқталғаны үшін жаза тағайындалған жағдайларда, осы баптың екінші және үшінші бөліктерінде көрсетілген шектер осы Кодекстің 56-бабының ережелері ескеріле отырып айқындалады.";

12) 56-бапта:

екінші бөліктегі "анағұрлым қатаң" деген сөздер "негізгі" деген сөзбен ауыстырылсын;

үшінші бөліктегі "анағұрлым қатаң" деген сөздер "негізгі" деген сөзбен ауыстырылсын;

13) 58-баптың екінші бөлігінде:

"бір мың" деген сөздер "төрт жүз" деген сөздермен ауыстырылсын;
"алты жүз" деген сөздер "төрт жүз" деген сөздермен ауыстырылсын;
"тоқсан" деген сөз "елу" деген сөзбен ауыстырылсын;

14) 61-бапта:

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығы және үкімдердің жиынтығы бойынша жазаларды ішінара немесе толық қосу кезінде:

1) бас бостандығынан айырудың бір күніне айыппұлдың немесе түзеу жұмыстарының төрт айлық есептік көрсеткіші, қоғамдық жұмыстардың төрт сағаты, қамаққа алудың бір тәулігі, бас бостандығын шектеудің бір күні сәйкес келеді;

2) бас бостандығын шектеудің бір күніне айыппұлдың немесе түзеу жұмыстарының төрт айлық есептік көрсеткіші, қоғамдық жұмыстардың төрт сағаты, қамаққа алудың бір тәулігі сәйкес келеді;

3) қамаққа алудың бір тәулігіне айыппұлдың немесе түзеу жұмыстарының төрт айлық есептік көрсеткіші, қоғамдық жұмыстардың төрт сағаты сәйкес келеді;

4) қоғамдық жұмыстардың бір сағатына айыппұлдың немесе түзеу жұмыстарының бір айлық есептік көрсеткіші сәйкес келеді;

5) түзеу жұмыстарының бір айлық есептік көрсеткішіне айыппұлдың бір айлық есептік көрсеткіші сәйкес келеді.";

екінші бөлік "оларды" деген сөзден кейін "айыппұлмен, түзеу жұмыстарымен," деген сөздермен толықтырылсын;

15) 62-бапта:

үшінші, төртінші және алтыншы бөліктер мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Үкім заңды күшіне енгенге дейін күзетпен ұстау уақыты бас бостандығынан айыру, қамаққа алу, бас бостандығын шектеу түріндегі жаза мерзіміне – бір күнге бір күн есебімен, қоғамдық жұмыстарға тарту, түзеу жұмыстары, айыппұл түріндегі жаза мерзіміне тиісінше қоғамдық жұмыстардың төрт сағаты немесе төрт айлық есептік көрсеткіш үшін күзетпен ұстаудың бір күні есебімен есептеледі.

4. Үкім заңды күшіне енгенге дейін ұйқамақта ұстау уақыты бас бостандығынан айыру, бас бостандығын шектеу, қамаққа алу түріндегі жаза мерзіміне – бір күнге екі күн есебімен, қоғамдық жұмыстарға тарту, түзеу жұмыстары, айыппұл түріндегі жаза мерзіміне тиісінше қоғамдық жұмыстардың екі сағаты немесе екі айлық есептік көрсеткіш үшін ұйқамақта ұстаудың бір күні есебімен есептеледі.";

"6. Адамға жазаның өзге түрін тағайындай отырып, үкімді қайта қарау кезінде жазаның өтелген мерзімі немесе орындалған мөлшері үкім қайта қаралғанға дейін жаңа жазаның мерзіміне немесе мөлшеріне есептеледі. Жазаның өтелген мерзімін немесе орындалған мөлшерін есепке алу кезінде:

1) бас бостандығынан айырудың бір күніне айыппұлдың немесе түзеу жұмыстарының төрт айлық есептік көрсеткіші, қоғамдық жұмыстардың төрт сағаты, қамаққа алудың бір тәулігі, бас бостандығын шектеудің бір күні сәйкес келеді;

2) бас бостандығын шектеудің бір күніне айыппұлдың немесе түзеу жұмыстарының төрт айлық есептік көрсеткіші, қоғамдық жұмыстардың төрт сағаты, қамаққа алудың бір тәулігі сәйкес келеді;

3) қамаққа алудың бір тәулігіне айыппұлдың немесе түзеу жұмыстарының төрт айлық есептік көрсеткіші, қоғамдық жұмыстардың төрт сағаты сәйкес келеді;

4) қоғамдық жұмыстардың бір сағатына айыппұлдың немесе түзеу жұмыстарының бір айлық есептік көрсеткіші сәйкес келеді;

5) түзеу жұмыстарының бір айлық есептік көрсеткішіне айыппұлдың бір айлық есептік көрсеткіші сәйкес келеді.";

жетінші бөліктегі "мерзіміне" деген сөз "мерзіміне немесе мөлшеріне" деген сөздермен ауыстырылсын;

16) 65-баптың екінші бөлігі "қарсы қылмыс," деген сөздерден кейін "азаптаулар," деген сөзбен толықтырылсын;

17) 67-баптың бірінші және екінші абзацтарындағы "Процестік", "Осы баптың" деген сөздер тиісінше "1. Процестік", "2. Осы баптың" деген сөздермен ауыстырылсын;

18) 68-баптың төртінші бөлігінде:

"ережелері" деген сөзден кейін "азаптаулар" деген сөзбен толықтырылсын;

"жағдайларды қоспағанда," деген сөздерден кейін "мұндай қылмыс, абайсызда жақын туыстарының өліміне әкеп соққан жол-көлік оқиғасын жасау жағдайын қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын;

19) 71-бапта:

бірінші бөліктің 4) және 5) тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"4) ауыр қылмыс, онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа сыбайлас жемқорлық қылмыс жасалғаннан кейін он жыл;

5) аса ауыр қылмыс жасалғаннан кейін он бес жыл өтсе, адам қылмыстық жауаптылықтан босатылады.";

төртінші бөлікте:

бірінші абзацта:

1) тармақтағы "он" деген сөз "бес" деген сөзбен ауыстырылсын;

2) тармақтағы "он бес" деген сөздер "он" деген сөзбен ауыстырылсын;

3) тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3) ауыр қылмыс, онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа сыбайлас жемқорлық қылмыс жасалғаннан кейін он бес жыл;"

4) тармақтағы "жиырма бес" деген сөздер "жиырма" деген сөзбен ауыстырылсын;

екінші абзацтағы "жаңадан қасақана қылмыс" деген сөздер "жаңадан ауыр немесе аса ауыр қылмыс" деген сөздермен ауыстырылсын;

алтыншы бөлікте:

"сыбайлас жемқорлық қылмыстар," деген сөздер алып тасталсын;

", экономикалық қызмет саласында" деген сөздер алып тасталсын;

20) 77-бапта:

бірінші бөлікте:

2) тармақтағы "үш" деген сөз "екі" деген сөзбен ауыстырылсын;

3) тармақтағы "алты" деген сөз "бес" деген сөзбен ауыстырылсын;

үшінші бөліктегі "жиырма бес" деген сөздер "жиырма" деген сөзбен ауыстырылсын

;

21) 81-бапта:

үшінші бөліктегі "оннан екі жүз елуге дейінгі" деген сөздер "бестен бір жүзге дейінгі" деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші бөліктегі "оннан екі жүз елуге дейінгі" деген сөздер "бестен бір жүзге дейінгі" деген сөздермен ауыстырылсын;

бесінші бөліктегі "қырық сағаттан бір жүз елу сағатқа дейінгі" деген сөздер "он сағаттан жетпіс бес сағатқа дейінгі" деген сөздермен ауыстырылсын;

22) 87-баптың бірінші бөлігінің 4) тармағындағы "ауыстыруы мүмкін." деген сөздер "ауыстырады." деген сөзбен ауыстырылсын;

23) 89-баптың 1) тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) бас бостандығынан айыруға қарағанда жазаның неғұрлым жеңіл түрлерін іс жүзінде өтеуге;"

24) 93-баптың үшінші бөлігіндегі "мәжбүрлеу шараларын ұзарту" деген сөздер "мәжбүрлеу шараларын тағайындау, ұзарту" деген сөздермен ауыстырылсын;

25) 107-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацы "түзеу жұмыстарына не" деген сөздерден кейін "алты жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөліктің екінші абзацы "түзеу жұмыстарына не" деген сөздерден кейін "сегіз жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не" деген сөздермен толықтырылсын;

26) 110-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацы "түзеу жұмыстарына не" деген сөздерден кейін "алты жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не" деген сөздермен толықтырылсын;

27) 111-баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"бір жүз жиырма айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір жүз жиырма сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не отыз тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.";

28) 112-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацы "түзеу жұмыстарына не" деген сөздерден кейін "төрт жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не" деген сөздермен толықтырылсын;

29) 113-баптың екінші абзацы "түзеу жұмыстарына не" деген сөздерден кейін "төрт жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не" деген сөздермен толықтырылсын;

30) 114-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"сексен айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не сексен сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не жиырма тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.";

екінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"бір жүз жиырма айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір жүз жиырма сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не отыз тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.";

үшінші бөліктің екінші абзацы "түзеу жұмыстарына не" деген сөздерден кейін "төрт жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не" деген сөздермен толықтырылсын;

төртінші бөліктің екінші абзацы "түзеу жұмыстарына не" деген сөздерден кейін "алты жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не" деген сөздермен толықтырылсын;

31) 115-баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"бір жүз жиырма айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір жүз жиырма сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не отыз тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.";

32) 117-баптың екінші бөлігінің екінші абзацы "түзеу жұмыстарына не" деген сөздерден кейін "алты жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не" деген сөздермен толықтырылсын;

33) 118-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацындағы "алпыс" деген сөз "елу" деген сөзбен ауыстырылсын;

34) 123-баптың екінші абзацы "түзеу жұмыстарына не" деген сөздерден кейін "төрт жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не" деген сөздермен толықтырылсын;

35) 127-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацы "түзеу жұмыстарына не" деген сөздерден кейін "сегіз жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не" деген сөздермен толықтырылсын;

36) 133-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацы "түзеу жұмыстарына не" деген сөздерден кейін " сегіз жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөліктің екінші абзацы "түзеу жұмыстарына не" деген сөздерден кейін "бір мың екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не" деген сөздермен толықтырылсын;

37) 137-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, бір жүз алпыс айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір жүз алпыс сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не қырық тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.";

екінші бөліктің екінші абзацы "түзеу жұмыстарына не" деген сөздерден кейін "алты жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не" деген сөздермен толықтырылсын;

38) 138-баптың екінші абзацындағы "алпыс" деген сөз "елу" деген сөзбен ауыстырылсын;

39) 139-баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"алты жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.";

40) 140-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"бір жүз жиырма айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір жүз жиырма сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не отыз тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.";

екінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, бір жүз алпыс айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір жүз алпыс сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не қырық тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.";

41) 141-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацы "түзеу жұмыстарына не" деген сөздерден кейін "алты жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не" деген сөздермен толықтырылсын;

42) 142-баптың екінші абзацы "түзеу жұмыстарына не" деген сөздерден кейін "алты жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не" деген сөздермен толықтырылсын;

43) 143-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацы "түзеу жұмыстарына не" деген сөздерден кейін "алты жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөліктің екінші абзацы "түзеу жұмыстарына не" деген сөздерден кейін "бір мың екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не" деген сөздермен толықтырылсын;

44) 145-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"бір жүз алпыс айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір жүз алпыс сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не қырық тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.";

екінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не елу тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.";

45) 147-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацы "түзеу жұмыстарына не" деген сөздерден кейін "алты жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөліктің екінші абзацы "түзеу жұмыстарына не" деген сөздерден кейін "сегіз жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не" деген сөздермен толықтырылсын;

46) 148-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацы "түзеу жұмыстарына не" деген сөздерден кейін "алты жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не" деген сөздермен толықтырылсын;

47) 149-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"екі жүз алпыс айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не елу тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.";

екінші бөліктің екінші абзацы "түзеу жұмыстарына не" деген сөздерден кейін "алты жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не" деген сөздермен толықтырылсын;

үшінші бөліктің екінші абзацы "түзеу жұмыстарына не" деген сөздерден кейін " сегіз жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не" деген сөздермен толықтырылсын;

48) 152-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан бір жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, бір жүз алпыс сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не қырық тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.";

екінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан бір жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не елу тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.";

үшінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не елу тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.";

49) 153-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацы "түзеу жұмыстарына не" деген сөздерден кейін " алты жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөліктің екінші абзацы "түзеу жұмыстарына не" деген сөздерден кейін "бір мың екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не" деген сөздермен толықтырылсын;

50) 154-баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып, бір жүз алпыс айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір жүз алпыс сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не қырық тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.";

51) 155-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацындағы "алпыс" деген сөз "елу" деген сөзбен ауыстырылсын;

52) 156-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"бір жүз алпыс айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір жүз алпыс сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не қырық тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.";

екінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып, екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не елу тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.";

53) 159-баптың екінші абзацында:

"бір жүз айлық" деген сөздер "сексен айлық" деген сөздермен ауыстырылсын;

"бір жүз жиырма" деген сөздер "сексен" деген сөзбен ауыстырылсын;

54) 183-баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан екі жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не елу тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.";

55) 186-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацындағы "бес жүз" деген сөздер "екі жүз" деген сөздермен ауыстырылсын;

56) 187-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"сексен айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не сексен сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не жиырма тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.";

екінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не елу тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.";

57) 188-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацы "түзеу жұмыстарына не" деген сөздерден кейін " сегіз жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөліктің екінші абзацы "түзеу жұмыстарына не" деген сөздерден кейін "бір мың екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не" деген сөздермен толықтырылсын;

үшінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"мүлкі тәркіленіп, үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.";

58) 189-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацы "түзеу жұмыстарына не" деген сөздерден кейін " сегіз жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөліктің екінші абзацы "түзеу жұмыстарына не" деген сөздерден кейін "бір мың сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не" деген сөздермен толықтырылсын;

үшінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"мүлкі тәркіленіп, екі жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға, ал 2) тармақта көзделген жағдайларда, мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, жымқырылған мүліктің он еселенгеннен жиырма еселенгенге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не екі жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.";

59) 190-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацы "түзеу жұмыстарына не" деген сөздерден кейін " алты жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөліктің екінші абзацы "түзеу жұмыстарына не" деген сөздерден кейін "бір мың сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не" деген сөздермен толықтырылсын;

үшінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"мүлкі тәркіленіп, үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға, ал 2) тармақта көзделген жағдайларда, мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, жымқырылған мүліктің он еселенгеннен жиырма еселенгенге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.";

60) 191-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацы "түзеу жұмыстарына не" деген сөздерден кейін "бір мың сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не" деген сөздермен толықтырылсын;

61) 194-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацы "түзеу жұмыстарына не" деген сөздерден кейін "бір мың сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не" деген сөздермен толықтырылсын;

62) 195-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"бір жүз алпыс айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір жүз алпыс сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не қырық тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.";

екінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не елу тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.";

үшінші бөліктің екінші абзацы "түзеу жұмыстарына не" деген сөздерден кейін " алты жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не" деген сөздермен толықтырылсын;

төртінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"мүлкі тәркіленіп немесе онсыз, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.";

63) 196-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"бір жүз алпыс айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір жүз алпыс сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не қырық тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.";

екінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не елу тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.";

үшінші бөліктің екінші абзацы "түзеу жұмыстарына не" деген сөздерден кейін "бір мың сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не" деген сөздермен толықтырылсын;

төртінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"мүлкі тәркіленіп немесе онсыз, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.";

64) 197-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"бір жүз алпыс айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір жүз алпыс сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не қырық тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.";

екінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не елу тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.";

үшінші бөліктің екінші абзацы "түзеу жұмыстарына не" деген сөздерден кейін " сегіз жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не" деген сөздермен толықтырылсын;

65) 198-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"сексен айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не сексен сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға жазаланады.";

екінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"бір жүз алпыс айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір жүз алпыс сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не қырық тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.";

үшінші бөліктің екінші абзацы "түзеу жұмыстарына не" деген сөздерден кейін "бір мың екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не" деген сөздермен толықтырылсын;

төртінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"үш жылдан алты жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.";

66) 199-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"сексен айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не сексен сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға жазаланады.";

екінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"бір жүз алпыс айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір жүз алпыс сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не қырық тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.";

үшінші бөліктің екінші абзацы "түзеу жұмыстарына не" деген сөздерден кейін "бір мың екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не" деген сөздермен толықтырылсын;

төртінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"үш жылдан алты жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.";

67) 200-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацы "түзеу жұмыстарына не" деген сөздерден кейін " алты жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөліктің екінші абзацы "түзеу жұмыстарына не" деген сөздерден кейін "бір мың екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не" деген сөздермен толықтырылсын;

68) 201-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацы "түзеу жұмыстарына не" деген сөздерден кейін "алты жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөліктің екінші абзацы "түзеу жұмыстарына не" деген сөздерден кейін "сегіз жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не" деген сөздермен толықтырылсын;

69) 202-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацы "түзеу жұмыстарына не" деген сөздерден кейін "алты жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не" деген сөздермен толықтырылсын;

70) 204-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"сексен айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не сексен сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не жиырма тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.";

екінші бөліктің екінші абзацы "түзеу жұмыстарына не" деген сөздерден кейін "алты жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не" деген сөздермен толықтырылсын;

71) 205-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан екі жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, бір жүз алпыс айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір жүз алпыс сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не қырық тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.";

екінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан екі жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не елу тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.";

үшінші бөліктің екінші абзацы "түзеу жұмыстарына не" деген сөздерден кейін "алты жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не" деген сөздермен толықтырылсын;

72) 206-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан екі жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не елу тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.";

екінші бөліктің екінші абзацы "түзеу жұмыстарына не" деген сөздерден кейін "алты жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не" деген сөздермен толықтырылсын;

73) 207-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацы "түзеу жұмыстарына не" деген сөздерден кейін "алты жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөліктің екінші абзацы "түзеу жұмыстарына не" деген сөздерден кейін "алты жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не" деген сөздермен толықтырылсын;

185) 357-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацы "түзеу жұмыстарына не" деген сөздерден кейін "алты жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, бір жүз жиырма айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір жүз жиырма сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не отыз тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.";

186) 358-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан екі жылға дейінгі мерзімге айыра отырып, екі жүз айлық есептік

көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не елу тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.";

екінші бөліктің екінші абзацы "түзеу жұмыстарына не" деген сөздерден кейін "алты жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не" деген сөздермен толықтырылсын;

үшінші бөліктің екінші абзацы "түзеу жұмыстарына не" деген сөздерден кейін "бір мың екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не" деген сөздермен толықтырылсын;

187) 359-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не елу тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.";

екінші бөліктің екінші абзацы "түзеу жұмыстарына не" деген сөздерден кейін "алты жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не" деген сөздермен толықтырылсын;

188) 360-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацы "түзеу жұмыстарына не" деген сөздерден кейін "сегіз жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не" деген сөздермен толықтырылсын;

189) 361-бапта:

бірінші бөлікте:

бірінші абзац "оған теңестірілген адамның" деген сөздерден кейін "не лауазымды адамның" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші абзац "түзеу жұмыстарына не" деген сөздерден кейін "алты жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөлік алып тасталсын;

үшінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, бес мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір мың екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.";

төртінші бөлікте:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Осы баптың бірінші немесе үшінші бөліктерінде көзделген:";

1) тармақтағы "мүддесіне орай" деген сөздер "мүддесінде жасалған" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) тармақтағы "орындау кезінде жасалған іс-әрекеттер –" деген сөздер "орындау кезінде жасалған;" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 3) тармақпен толықтырылсын:

"3) ауыр салдарға әкеп соққан іс-әрекеттер –";

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады."

190) 362-бапта:

бірінші бөлікте:

бірінші абзац "оған теңестірілген адамның" деген сөздерден кейін "не лауазымды адамның" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші абзац "түзеу жұмыстарына не" деген сөздерден кейін "сегіз жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөлік алып тасталсын;

үшінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан бес жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.";

төртінші бөліктің бірінші абзацындағы "бірінші, екінші немесе үшінші" деген сөздер "бірінші немесе үшінші" деген сөздермен ауыстырылсын:

191) 363-баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"бір жүз алпыс айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір жүз алпыс сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не қырық тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.";

192) 364-бапта:

бірінші бөлікте:

бірінші абзац "оған теңестірілген адамның" деген сөздерден кейін "не лауазымды адамның" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші абзац "түзеу жұмыстарына не" деген сөздерден кейін "төрт жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөлік алып тасталсын;

үшінші бөліктің екінші абзацы "түзеу жұмыстарына не" деген сөздерден кейін "бір мың сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не" деген сөздермен толықтырылсын;

193) 365-бапта:

бірінші бөлікте:

бірінші абзац "оған теңестірілген адам" деген сөздерден кейін "не лауазымды адам" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші абзац "түзеу жұмыстарына не" деген сөздерден кейін "алты жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөлікте:

1) тармақ алып тасталсын;

екінші абзац "түзеу жұмыстарына не" деген сөздерден кейін "бір мың екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не" деген сөздермен толықтырылсын;

үшінші бөліктің екінші абзацындағы "үш жылдан жеті жылға" деген сөздер "жеті жылға" деген сөздермен ауыстырылсын;

194) 366-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацындағы "елу еселенген" деген сөздер "жиырма еселенгеннен елу еселенгенге дейінгі" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктің екінші абзацындағы "алпыс еселенген" деген сөздер "елу еселенгеннен алпыс еселенгенге дейінгі" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөліктің екінші абзацындағы "жетпіс еселенген" деген сөздер "алпыс еселенгеннен жетпіс еселенгенге дейінгі" деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші бөліктің екінші абзацындағы "сексен еселенген" деген сөздер "жетпіс еселенгеннен сексен еселенгенге дейінгі" деген сөздермен ауыстырылсын;

195) 367-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацындағы "жиырма еселенген" деген сөздер "он еселенгеннен жиырма еселенгенге дейінгі" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктің екінші абзацындағы "отыз еселенген" деген сөздер "жиырма еселенгеннен отыз еселенгенге дейінгі" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөліктің екінші абзацындағы "қырық еселенген" деген сөздер "отыз еселенгеннен қырық еселенгенге дейінгі" деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші бөліктің екінші абзацындағы "елу еселенген" деген сөздер "қырық еселенгеннен елу еселенгенге дейінгі" деген сөздермен ауыстырылсын;

196) 368-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацындағы "он еселенген" деген сөздер "бес еселенгеннен он еселенгенге дейінгі" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктің екінші абзацындағы "жиырма еселенген" деген сөздер "он еселенгеннен жиырма еселенгенге дейінгі" деген сөздермен ауыстырылсын;

197) 369-бапта:

бірінші бөлікте:

бірінші абзац "оған теңестірілген адамның" деген сөздерден кейін "не лауазымды адамның" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші абзац "түзеу жұмыстарына не" деген сөздерден кейін "алты жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не" деген сөздермен толықтырылсын;
екінші бөлік алып тасталсын;

үшінші бөліктің екінші абзацындағы "үш жылдан алты жылға" деген сөздер "бес жылға" деген сөздермен ауыстырылсын;

198) 370-бапта:

бірінші бөлікте:

бірінші абзац "оған теңестірілген адамның" деген сөздерден кейін "не лауазымды адамның" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші абзац "түзеу жұмыстарына не" деген сөздерден кейін "алты жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не" деген сөздермен толықтырылсын;
екінші бөлік алып тасталсын;

үшінші бөліктің екінші абзацы "түзеу жұмыстарына не" деген сөздерден кейін "бір мың екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не" деген сөздермен толықтырылсын;

төртінші бөлікте:

бірінші абзацтағы "бірінші, екінші немесе үшінші" деген сөздер "бірінші немесе үшінші" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші абзацтағы "төрт жылдан сегіз жылға дейінгі мерзімге" деген сөздер "жеті жылға дейін бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге" деген сөздермен ауыстырылсын;

199) 371-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацы "түзеу жұмыстарына не" деген сөздерден кейін "төрт жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып, төрт мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір мың сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не төрт жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.";

200) 372-баптың екінші абзацы "түзеу жұмыстарына не" деген сөздерден кейін "алты жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не" деген сөздермен толықтырылсын;

201) 376-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не елу тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.";

202) 378-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"сексен айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не сексен сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не жиырма тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.";

екінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"бір жүз алпыс айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір жүз алпыс сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не қырық тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.";

203) 379-баптың екінші абзацы "түзеу жұмыстарына не" деген сөздерден кейін "алты жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не" деген сөздермен толықтырылсын;

204) 380-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацы "түзеу жұмыстарына не" деген сөздерден кейін "сегіз жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не" деген сөздермен толықтырылсын;

205) 381-баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"бір жүз алпыс айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір жүз алпыс сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не қырық тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.";

206) 382-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"бір жүз алпыс айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір жүз алпыс сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не қырық тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.";

екінші бөліктің екінші абзацы "түзеу жұмыстарына не" деген сөздерден кейін "бір мың екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не" деген сөздермен толықтырылсын;

207) 383-баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"бір жүз жиырма айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір жүз жиырма сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не отыз тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.";

208) 384-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"сексен айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не сексен сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не жиырма тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.";

екінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"бір жүз жиырма айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір жүз жиырма сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не отыз тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.";

үшінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"бір жүз алпыс айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір жүз алпыс сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не қырық тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.";

209) 385-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацы "түзеу жұмыстарына не" деген сөздерден кейін "алты жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөліктің екінші абзацы "түзеу жұмыстарына не" деген сөздерден кейін "бір мың сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не" деген сөздермен толықтырылсын;

үшінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"бір жүз алпыс айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір жүз алпыс сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не қырық тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.";

210) 386-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"екі мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не алты жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.";

екінші бөліктің екінші абзацы "түзеу жұмыстарына не" деген сөздерден кейін "бір мың екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не" деген сөздермен толықтырылсын;

211) 387-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацы "түзеу жұмыстарына не" деген сөздерден кейін "төрт жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөліктің екінші абзацы "түзеу жұмыстарына не" деген сөздерден кейін "сегіз жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не" деген сөздермен толықтырылсын;

212) 388-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацы "түзеу жұмыстарына не" деген сөздерден кейін "бір мың екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не" деген сөздермен толықтырылсын;

213) 389-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"сексен айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не сексен сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не жиырма тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.";

екінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"бір жүз алпыс айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір жүз алпыс сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не қырық тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.";

үшінші бөліктің екінші абзацы "түзеу жұмыстарына не" деген сөздерден кейін " сегіз жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не" деген сөздермен толықтырылсын;

214) 390-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"сексен айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не сексен сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не жиырма тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.";

екінші бөліктің екінші абзацы "түзеу жұмыстарына не" деген сөздерден кейін "алты жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не" деген сөздермен толықтырылсын;

үшінші бөліктің екінші абзацы "түзеу жұмыстарына не" деген сөздерден кейін "бір мың екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не" деген сөздермен толықтырылсын;

215) 391-баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"бір жүз жиырма айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір жүз жиырма сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не отыз тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.";

216) 393-баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге бес жыл мерзімге шығарып жібере отырып, бір жүз алпыс айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не қырық тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.";

217) 394-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацы "түзеу жұмыстарына не" деген сөздерден кейін " алты жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөліктің екінші абзацы "түзеу жұмыстарына не" деген сөздерден кейін "бір мың екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не" деген сөздермен толықтырылсын;

218) 395-баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не елу тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.";

219) 396-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацы "түзеу жұмыстарына не" деген сөздерден кейін " алты жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөліктің екінші абзацы "түзеу жұмыстарына не" деген сөздерден кейін "бір мың сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не" деген сөздермен толықтырылсын;

220) 397-баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"бір жүз алпыс айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір жүз алпыс сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не қырық тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.";

221) 398-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"сексен айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не сексен сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға жазаланады.";

екінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"бір жүз жиырма айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір жүз жиырма сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не отыз тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.";

үшінші бөліктің екінші абзацы "түзеу жұмыстарына не" деген сөздерден кейін " сегіз жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не" деген сөздермен толықтырылсын;

222) 399-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацы "түзеу жұмыстарына не" деген сөздерден кейін " алты жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөліктің екінші абзацы "түзеу жұмыстарына не" деген сөздерден кейін "бір мың сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не" деген сөздермен толықтырылсын;

223) 400-баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не елу тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.";

224) 401-баптың екінші абзацы "түзеу жұмыстарына не" деген сөздерден кейін " алты жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не" деген сөздермен толықтырылсын;

225) 402-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацы "түзеу жұмыстарына не" деген сөздерден кейін "төрт жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөліктің екінші абзацы "түзеу жұмыстарына не" деген сөздерден кейін "сегіз жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не" деген сөздермен толықтырылсын;

226) 403-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан бір жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, бір жүз алпыс айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір жүз алпыс сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не қырық тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.";

екінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып, екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не елу тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.";

227) 406-баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не елу тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.";

228) 407-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацы "түзеу жұмыстарына не" деген сөздерден кейін " алты жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"бір жүз алпыс айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір жүз алпыс сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не қырық тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.";

екінші бөліктің екінші абзацы "түзеу жұмыстарына не" деген сөздерден кейін "сегіз жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не" деген сөздермен толықтырылсын;

229) 409-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацы "түзеу жұмыстарына не" деген сөздерден кейін " сегіз жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөліктің екінші абзацы "түзеу жұмыстарына не" деген сөздерден кейін "алты жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не" деген сөздермен толықтырылсын;

үшінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"бір мың екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.";

230) 410-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"бір жүз алпыс айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір жүз алпыс сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не қырық тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.";

екінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не елу тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.";

231) 411-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацы "түзеу жұмыстарына не" деген сөздерден кейін " алты жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөліктің екінші абзацы "түзеу жұмыстарына не" деген сөздерден кейін "алты жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не" деген сөздермен толықтырылсын;

үшінші бөліктің екінші абзацы "түзеу жұмыстарына не" деген сөздерден кейін "бір мың сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не" деген сөздермен толықтырылсын;

232) 414-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацы "түзеу жұмыстарына не" деген сөздерден кейін " сегіз жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөліктің екінші абзацы "түзеу жұмыстарына не" деген сөздерден кейін "бір мың екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не" деген сөздермен толықтырылсын;

төртінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан екі жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, бір жүз алпыс

айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір жүз алпыс сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не қырық тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.";

233) 415-баптың екінші абзацы "түзеу жұмыстарына не" деген сөздерден кейін "бір мың сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не" деген сөздермен толықтырылсын;

234) 416-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацы "түзеу жұмыстарына не" деген сөздерден кейін "алты жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөліктің екінші абзацы "түзеу жұмыстарына не" деген сөздерден кейін "сегіз жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не" деген сөздермен толықтырылсын;

үшінші бөліктің екінші абзацы "түзеу жұмыстарына не" деген сөздерден кейін "бір мың сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не" деген сөздермен толықтырылсын;

төртінші бөліктің екінші абзацындағы "екі жылдан бес жылға" деген сөздер "бес жылға" деген сөздермен ауыстырылсын;

235) 417-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацы "түзеу жұмыстарына не" деген сөздерден кейін "бір мың екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не" деген сөздермен толықтырылсын;

236) 419-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"бір жүз алпыс айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір жүз алпыс сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға жазаланады.";

екінші бөліктің екінші абзацы "түзеу жұмыстарына не" деген сөздерден кейін "сегіз жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не" деген сөздермен толықтырылсын;

237) 421-баптың екінші абзацы "түзеу жұмыстарына не" деген сөздерден кейін "бір мың екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не" деген сөздермен толықтырылсын;

238) 422-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацы "түзеу жұмыстарына не" деген сөздерден кейін "бір мың сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөліктің екінші абзацы "түзеу жұмыстарына не" деген сөздерден кейін "бір мың екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не" деген сөздермен толықтырылсын;

239) 423-баптың екінші абзацы "түзеу жұмыстарына не" деген сөздерден кейін " алты жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не" деген сөздермен толықтырылсын;

240) 424-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацы "түзеу жұмыстарына не" деген сөздерден кейін " сегіз жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не" деген сөздермен толықтырылсын;

241) 425-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацы "түзеу жұмыстарына не" деген сөздерден кейін " алты жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөліктің екінші абзацы "түзеу жұмыстарына не" деген сөздерден кейін "бір мың екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не" деген сөздермен толықтырылсын;

242) 428-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацындағы "екі жылдан бес жылға" деген сөздер "үш жылға" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөлік алып тасталсын;

243) 430-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"сегіз жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.";

екінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан бес жылға дейінгі мерзімге айыра отырып, бір мың екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не үш жылдан бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.";

244) 431-баптың екінші абзацы "түзеу жұмыстарына не" деген сөздерден кейін " төрт жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не" деген сөздермен толықтырылсын;

245) 433-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацы "түзеу жұмыстарына не" деген сөздерден кейін " алты жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөліктің екінші абзацы "түзеу жұмыстарына не" деген сөздерден кейін "бір мың екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не" деген сөздермен толықтырылсын;

246) 435-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацы "түзеу жұмыстарына не" деген сөздерден кейін " алты жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөліктің екінші абзацы "түзеу жұмыстарына не" деген сөздерден кейін "сегіз жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не" деген сөздермен толықтырылсын;

247) 436-баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"сексен айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не сексен сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не жиырма тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.";

248) 437-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"бір жүз жиырма айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не отыз тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.";

бесінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не елу тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.";

249) 438-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не елу тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.";

250) 440-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"бір жүз алпыс айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не қырық тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.";

екінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не елу тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.";

251) 443-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не елу тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.";

252) 447-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не елу тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.";

253) 448-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не елу тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.";

254) 449-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"сексен айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не жиырма тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.";

255) 458-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не елу тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.";

256) 460-баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не елу тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.";

257) 463-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан екі жылға дейінгі мерзімге айыра отырып, бір жүз алпыс айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не қырық тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.";

258) 464-баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан он жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.";

259) 465-баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан он жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.";

260) 466-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан екі жылға дейінгі мерзімге айыра отырып, екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не елу тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.".

2. 2014 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., № 15-I, 15-II, 88 -құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; 2015 ж., № 20-VII, 115-құжат; № 21-III, 137-құжат; № 22-V, 156-құжат; № 22-VI, 159-құжат; 2016 ж., № 7-II, 55-құжат; № 8-II, 67-құжат; № 12, 87-құжат; № 23, 118-құжат; № 24, 126, 129-құжаттар; 2017 ж., № 1-2, 3-құжат; № 8, 16-құжат; № 14, 50, 53-құжаттар; № 16, 56-құжат; № 21, 98, 102-құжаттар; № 24, 115-құжат; 2018 ж., № 1, 2-құжат):

1) 7-бапта:

9) тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9) бірінші сатыдағы сот – сотқа дейінгі тергеп-тексеру аяқталғаннан кейін не сот актісінің күшін жоғары тұрған сот жойғаннан кейін не оның күші жекеше айыптаушының шағымы бойынша жойылғаннан кейін келіп түскен қылмыстық істерді соттылығына сәйкес қарайтын аудандық және оларға теңестірілген соттар (қалалық, мамандандырылған ауданаралық соттар, гарнизондардың әскери соттары), сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамдардың, жедел-іздістіру қызметінің, сотқа дейінгі тергеп-тексерудің заңдылығына қадағалауды жүзеге асыратын прокурордың шешімдеріне және әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдарды қарайтын, осы Кодексте көзделген жағдайларда процестік әрекеттерді санкциялайтын, сондай-ақ осы Кодексте көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыратын мамандандырылған тергеу соттары, мамандандырылған ауданаралық тергеу соттары;"

30) тармақ "іс бойынша" деген сөздерден кейін "тергеу судьясының" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 32-бапта:

екінші бөліктегі "152-бабында" деген сөздер "152-бабында (бірінші және екінші бөліктерінде)" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөлік "148 (бірінші бөлігінде)," деген сөздерден кейін "152 (үшінші бөлігінде)," деген сөздермен толықтырылсын;

3) 44-баптың бірінші бөлігінің 4) тармағы "прокурор" деген сөзден кейін "ынтымақтастық туралы" деген сөздермен толықтырылсын;

4) 51-баптың үшінші бөлігінің бесінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттар, мамандандырылған тергеу соттары, мамандандырылған ауданаралық тергеу соттары, қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық әскери соттар, кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттар, гарнизондардың әскери соттары жүзеге асырады.";

5) 54-баптың үшінші бөлігінің екінші сөйлемі алып тасталсын;

6) 58-баптың бірінші бөлігіндегі "департаменттердің, басқармалардың және бөлімдердің бастықтары" деген сөздер "құрылымдық бөлімшелердің бастықтары" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 63-баптың екінші бөлігіндегі "прокурордың," деген сөз "прокурордың келісімі," деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 97-бапта:

мынадай мазмұндағы 4-1-бөлікпен толықтырылсын:

"4-1. Қылмыстық қудалау органы "Қылмыстық процеске қатысушы адамдарды мемлекеттік қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 9) тармақшасында көзделген қауіпсіздік шараларын қабылдаған кезде құпиялылық сақтала отырып, жиырма төрт сағат ішінде қадағалаушы прокурор хабардар етіледі.";

алтыншы бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Қауіпсіздік шараларының күші оларды қолдануға қажеттілік жойылғанда қылмыстық процесті жүргізетін органның не қорғалатын адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзушылықтар анықталған жағдайда, прокурордың немесе соттың уәжді қаулысымен жойылады. Қорғалатын адамға оның қауіпсіздігі шараларының күші жойылғандығы немесе қылмыстық процеске қатысатын адамдарға ол туралы деректердің ашылғандығы туралы дереу хабарлануға тиіс. Қылмыстық процесті жүргізетін органның "Қылмыстық процеске қатысушы адамдарды мемлекеттік қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 9) тармақшасында көзделген қауіпсіздік шараларын тағайындау туралы не қауіпсіздік шараларының күшін жою туралы шешіміне қорғалатын адамның сотқа немесе прокурорға шағым беруі шағым жасалған шешімнің орындалуын тоқтата тұрады.";

9) 107-баптың жетінші бөлігінің 1) тармағындағы "аудандық немесе оған теңестірілген соттың" деген сөздер алып тасталсын;

10) 117-баптың екінші бөлігі мынадай мазмұндағы үшінші сөйлеммен толықтырылсын:

"Маманның қорытындысы электрондық құжат түрінде ресімделуі мүмкін.";

11) 125-баптың алтыншы бөлігі "ақиқатты" деген сөзден кейін "ешқандай күдіксіз және" деген сөздермен толықтырылсын;

12) 136-бап мынадай мазмұндағы 1-1-бөлікпен толықтырылсын:

"1-1. Күдіктіге, айыпталушыға қатысты бұлтартпау шарасын таңдау кезінде, егер қатаңдығы неғұрлым жеңіл бұлтартпау шарасы болса, мұндай шараны қолдану мүмкіндігін қарау қажет.";

13) 138-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Бұлтартпау шарасын және оның дәл қайсысын қолдану қажеттілігі туралы мәселені шешкен кезде осы Кодекстің 136-бабында көрсетілген негіздерден басқа, сондай-ақ осы Кодекстің 137-бабының екінші бөлігінде көрсетілген қосымша шектеулерді белгілеген кезде сондай-ақ мыналар:

1) жасалған қылмыстың ауырлығы;

2) күдіктінің, айыпталушының жеке басы, оның жасы;

3) денсаулық жағдайы;

- 4) отбасы жағдайы, отбасында асырауындағы адамдардың бар-жоғы;
- 5) күдіктінің, айыпталушының әлеуметтік байланысының орнықтылығы;
- 6) күдіктінің, айыпталушының беделі;
- 7) айналысатын ісі;
- 8) күдіктінің, айыпталушының тұрақты жұмыс орнының немесе оқуының бар-жоғы;
- 9) мүліктік жағдайы;
- 10) тұрақты тұрғылықты жерінің бар-жоғы және басқа да мән-жайлар ескерілуге тиіс."

14) 145-бапта:

бірінші бөліктің төртінші сөйлеміндегі "Аса ауыр қылмыстар жасады деп күдік келтірілген адамдарға қатысты, сондай-ақ осы" деген сөздер "Осы" деген сөзбен ауыстырылсын;

үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Кепілдің мөлшері күдіктің ауырлығы, күдіктінің, айыпталушының жеке басы, қылмыстық іс-әрекеттің сипаты, кепіл берушінің мүліктік жағдайы ескеріле отырып айқындалады және: онша ауыр емес қылмыс жасады деп күдік келтірілген кезде – айлық есептік көрсеткіштің отыз еселенген мөлшерінен кем, бірақ айлық есептік көрсеткіштің бір жүз жиырма еселенген мөлшерінен көп; ауырлығы орташа қылмысты абайсызда жасады деп күдік келтірілген кезде – айлық есептік көрсеткіштің бір жүз жиырма еселенген мөлшерінен кем, бірақ айлық есептік көрсеткіштің екі жүз еселенген мөлшерінен көп; ауырлығы орташа қылмысты қасақана жасады деп күдік келтірген кезде – айлық есептік көрсеткіштің екі жүз еселенген мөлшерінен кем, бірақ айлық есептік көрсеткіштің үш жүз елу еселенген мөлшерінен көп; ауыр қылмыс жасады деп күдік келтірілген кезде – айлық есептік көрсеткіштің үш жүз елу еселенген мөлшерінен кем, аса ауыр қылмыс жасады деп күдік келтірілген кезде айлық есептік көрсеткіштің бес жүз еселенген мөлшерінен кем бола алмайды.

Кепіл ретінде кепіл берушінің келісімімен құны қылмыстың тиісті санаты бойынша кепілдің ең жоғары мөлшерінен асатын өзге де мүлік берілуі мүмкін.

Айрықша жағдайларда кепіл мөлшері мыналарға:

1) асырауында кәмелетке толмаған балалары, қарт ата-анасы, мүгедек туыстары бар, сондай-ақ қорғаншы және қамқоршы болып табылатын адамдарға;

2) тұрақты табыс көзі жоқ адамдарға;

3) халықтың әлеуметтік жағынан әлсіз топтарына жататын, сондай-ақ бюджет есебінен әртүрлі әлеуметтік көмек түрлерін алатын адамдарға;

4) кәмелетке толмағандар мен зейнеткерлік жастағы адамдарға қатысты төменгі мөлшерден аз мөлшерде қолданылуы мүмкін не осы сомаға баламалы өзге де мүлік қабылдануы мүмкін."

15) 146-баптың бірінші бөлігіндегі "негіздер бойынша және" деген сөздер алып тасталсын;

16) 147-бапта:

бірінші бөлікте:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Бұлтартпау шарасы ретінде күзетпен ұстау тек судьяның санкциясымен және басқа, қатандығы неғұрлым жеңіл бұлтартпау шараларын қолдану мүмкін болмаған кезде заңмен бес жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жаза көзделген қылмысты жасады деген күдіктіге, айыпталушыға, сотталушыға қатысты ғана қолданылады. Айрықша жағдайларда бұл бұлтартпау шарасы, егер:";

7) тармақтағы "бес жылдан аз" деген сөздер "бес жылға дейін" деген сөздермен ауыстырылсын:

мынадай мазмұндағы 1-1-бөлікпен толықтырылсын:

"1-1. Осы баптың бірінші бөлігінің 1) тармағында көзделген мән-жай күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын таңдау үшін бірден-бір негіз болып табылмайды.";

екінші бөлік мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам сот алдында күзетпен ұстауға санкция беру туралы өтінішхатты қозғау туралы қаулыда осы бұлтартпау шарасын таңдау себептерін және қатандығы неғұрлым жеңіл бұлтартпау шараларын қолданудың мүмкін еместігін негіздеуге міндетті.";

17) 148-бапта:

бірінші бөліктегі "аудандық және оған теңестірілген соттың" деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 7-1-бөлікпен толықтырылсын:

"7-1. Тергеу судьясы күзетпен ұстауды санкциялау туралы қаулыда осы бұлтартпау шарасын таңдау себептерін және қатандығы неғұрлым жеңіл бұлтартпау шараларын қолданудың мүмкін еместігін көрсетуге міндетті."

тоғызыншы бөліктің 2) тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) адамға қылмыстық топтың құрамында қылмыс; террористік және (немесе) экстремистік қылмыстар; Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 1, 4, 5, 11 және 17-тарауларында көзделген аса ауыр қылмыстар, сондай-ақ төтенше жағдайларда немесе жаппай тәртіпсіздіктер барысында жасалған аса ауыр қылмыстар, соғыс уақытында немесе ұрыс жағдайында жасалған аса ауыр әскери қылмыстар жасады деп күдік келтірілген, айып тағылған;"

он екінші бөліктегі "Аудандық немесе оған теңестірілген соттың күзетпен ұстауды санкциялаудан бас тарту туралы қаулысының" деген сөздер "Күзетпен ұстауды санкциялаудан бас тарту туралы қаулының" деген сөздермен ауыстырылсын;

18) 152-баптың сегізінші бөлігінің бірінші абзацындағы "аудандық және оған теңестірілген соттың" деген сөздер алып тасталсын;

19) 163-бапта:

бірінші бөліктегі "аудандық және оған теңестірілген соттың" деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөліктегі "сот отырысында аудандық немесе оған теңестірілген соттың" деген сөздер алып тасталсын;

төртінші бөліктің екінші абзацындағы "немесе" деген сөз "және" деген сөзбен ауыстырылсын;

20) 164-баптың екінші бөлігіндегі "Аудандық немесе оған теңестірілген соттың тергеу" деген сөздер "Тергеу" деген сөзбен ауыстырылсын;

21) 165-баптың екінші бөлігінің бірінші абзацындағы "прокурорға" деген сөз "сотқа" деген сөзбен ауыстырылсын;

22) 178-баптың алтыншы бөлігі "босатуға құқылы." деген сөздерден кейін мынадай мазмұндағы үшінші сөйлеммен толықтырылсын:

"Бұйрықты іс жүргізу тәртібімен айыптау үкімін шығарған кезде сот сотталған адамның мүлдік жағдайын ескере отырып, оны процестік шығындарды төлеуден толық немесе ішінара босатуға құқылы.";

23) 187-бапта:

екінші бөліктегі "428 (екінші және үшінші бөліктерінде)" деген сөздер "428 (үшінші бөлігінде)" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-1-бөліктегі "216 (бірінші бөлігінде, екінші бөлігінің 1), 2), 3) және 5) тармақтарында, үшінші бөлігінде)," деген сөздер "216 (бірінші бөлігінде, екінші бөлігінің 1), 2) және 5) тармақтарында, үшінші бөлігінде)," деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші бөліктегі "362 (бірінші, екінші, үшінші бөліктерінде және төртінші бөлігінің 1) және 2) тармақтарында)," деген сөздер "362 (бірінші, үшінші бөліктерінде және төртінші бөлігінің 1) және 2) тармақтарында)," деген сөздермен ауыстырылсын;

24) 191-баптың он алтыншы бөлігіндегі "152 (бірінші бөлігінде, егер бұл соттың жұмысқа қайта орналастыру туралы шешімін орындамаумен байланысты болса)" деген сөздер "152 (бірінші бөлігінде, егер бұл соттың жұмысқа қайта орналастыру туралы шешімін орындамаумен байланысты болса, үшінші бөлігінде)" деген сөздермен ауыстырылсын;

25) 193-баптың екінші бөлігінің үшінші абзацындағы "қылмыстық процестің сотқа дейінгі сатысының заңдылығын қадағалауды қамтамасыз ететін департаменттерінің (басқармаларының), облыстық прокуратуралардың және оларға теңестірілген прокуратуралардың бастықтары" деген сөздер "облыстар прокуратураларының және оларға теңестірілген прокуратуралардың қылмыстық процестің сотқа дейінгі сатысының заңдылығын қадағалауды қамтамасыз ететін құрылымдық бөлімшелерінің басшылары" деген сөздермен ауыстырылсын;

26) 220-баптың бесінші бөлігінде орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізіледі, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

27) 232-баптың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Осы Кодекстің 231-бабының 1) – 6) тармақтарында көзделген жасырын тергеу әрекеттері мамандандырылған тергеу сотының, мамандандырылған ауданаралық тергеу сотының тергеу судьясының санкциясымен жүргізіледі, оны алу тәртібі осы Кодекстің 234-бабында белгіленген.";

28) 234-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Жасырын тергеу әрекеттері сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның не осы Кодексте тиісті қаулы шығаруға уәкілеттік берілген өзге де лауазымды адамдардың уәжді қаулысы негізінде мамандандырылған тергеу сотының, мамандандырылған ауданаралық тергеу сотының тергеу судьясының санкциясымен жүргізіледі.";

29) 240-бапта:

1-1-бөлікте:

екінші абзац "мерзімді" деген сөзден кейін "мамандандырылған тергеу сотының, мамандандырылған ауданаралық тергеу сотының" деген сөздермен толықтырылсын;

үшінші абзацтағы "Тергеу" деген сөз "Мамандандырылған тергеу сотының, мамандандырылған ауданаралық тергеу сотының тергеу" деген сөздермен ауыстырылсын;

алтыншы бөлікте:

"күн" деген сөз "тәулік" деген сөзбен ауыстырылсын;

"сотқа" деген сөз "осы Кодекстің 106-бабында көзделген тәртіппен мамандандырылған тергеу сотына, мамандандырылған ауданаралық тергеу сотына" деген сөздермен ауыстырылсын;

30) 283-баптың бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы үшінші сөйлеммен толықтырылсын:

"Сарапшының (сарапшылардың) қорытындысы электрондық құжат түрінде ресімделуі мүмкін.";

31) 306-бапта:

үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Мамандандырылған тергеу соттары, мамандандырылған ауданаралық тергеу соттары қылмыстық процестің сотқа дейінгі сатысында сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамдардың, жедел-ізвестіру қызметінің, сотқа дейінгі тергеп-тексерудің заңдылығын қадағалауды жүзеге асыратын прокурордың шешімдеріне және әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) жасалған шағымдарды қарайды, осы Кодексте көзделген жағдайларда процестік әрекеттерді санкциялайды, сондай-ақ осы Кодексте көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.";

мынадай мазмұндағы ескертпемен толықтырылсын:

"Ескертпе. Егер тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында мамандандырылған тергеу соттары, мамандандырылған ауданаралық тергеу соттары құрылмаса, олардың

соттылығына жатқызылған материалдарды осы Кодекстің 232, 234, 240-баптарында көзделген жағдайларды қоспағанда, аудандық және оларға теңестірілген соттар (тергеу судьясы) қарауға құқылы. Аудандық және оған теңестірілген соттың тергеу судьясын (судьяларын) осы соттың төрағасы судьялар арасынан тағайындайды. Тергеу судьясын ауыстыру қажет болған кезде ол қайта тағайындалуы мүмкін.";

32) 476-бапта:

1), 2, 14) және 16) тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1) мынадай:

айыппұлды – қоғамдық жұмыстарға тартумен, қамаққа алумен, бас бостандығын шектеумен немесе бас бостандығынан айырумен (Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 41-бабы);

түзеу жұмыстарын – қоғамдық жұмыстарға тартумен, қамаққа алумен, бас бостандығын шектеумен немесе бас бостандығынан айырумен (Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 42-бабы);

қоғамдық жұмыстарға тартуды – қамаққа алумен, бас бостандығын шектеумен немесе бас бостандығынан айырумен (Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 43-бабы);

бас бостандығын шектеуді – бас бостандығынан айырумен (Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 44-бабы) ауыстыру туралы;

2) айыппұл төлеуді кейінге қалдыру (Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 41-бабы), еңбекке қабілеттілігін толық жоғалтқан кезде түзеу жұмыстарының қалған бөлігін орындаудан босату (Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 42-бабы) туралы;"

"14) медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдануды тағайындау, ұзарту, өзгерту немесе тоқтату туралы (Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 96, 98-баптары);"

"16) түзеу жұмыстарына сотталған адамның жалақысынан ұсталатын соманың мөлшерін Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару заңнамасына сәйкес төмендету туралы;"

20) тармақтағы "алып тастау туралы мәселелерді қарау жатады." деген сөздер "алып тастау туралы;" деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 21) тармақпен толықтырылсын:

"21) кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмыс жасағаны үшін бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарда психикалық ауытқулардың және сексуалдық зорлық-зомбылық жасауға бейімділіктің болуы (болмауы) туралы мәселені шешу үшін оларға қатысты сот-психиатриялық сараптама тағайындау туралы мәселелерді қарау жатады.";

33) 478-бапта:

бірінші бөліктегі "5)" деген цифр "2), 5)" деген цифрлармен ауыстырылсын;

екінші бөліктегі "2)," деген цифр алып тасталсын;

төртінші бөліктегі "2)," деген цифр алып тасталсын;

34) 549-баптың бесінші бөлігіндегі "аудандық сотының" деген сөздер "мамандандырылған ауданаралық тергеу сотының" деген сөздермен ауыстырылсын;

35) 550-баптың бесінші бөлігіндегі "аудандық сотының" деген сөздер "мамандандырылған ауданаралық тергеу сотының" деген сөздермен ауыстырылсын;

36) 559-бапта:

бірінші бөліктегі "прокурордың (соттың)" деген сөздер "тергеу судьясының (сотының)" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөліктегі "прокурордың (соттың)" деген сөздер "тергеу судьясының (сотының)" деген сөздермен ауыстырылсын;

37) 565-баптың үшінші бөлігінде:

"прокурордың немесе соттың" деген сөздер "тергеу судьясының (сотының)" деген сөздермен ауыстырылсын;

"құзыретті органдардың" деген сөздер "құзыретті органның" деген сөздермен ауыстырылсын;

38) 571-бапта "прокурордың немесе соттың" деген сөздер "тергеу судьясының (сотының)" деген сөздермен ауыстырылсын;

39) 588-баптың үшінші бөлігіндегі "Аудандық және оған теңестірілген соттың тергеу" деген сөздер "Тергеу" деген сөзбен ауыстырылсын;

40) 589-бапта:

үшінші бөліктегі "Аудандық және оған теңестірілген соттың тергеу" деген сөздер "Тергеу" деген сөзбен ауыстырылсын;

тоғызыншы бөліктегі "аудандық және оған теңестірілген соттың" деген сөздер алып тасталсын;

41) 614-баптың бірінші бөлігінің 2) тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) кінәні мойындау туралы процестік келісім сотқа берілген барлық күдіктілермен, айыпталушылармен не сотталушылармен жасалмаған, сыбайласып жасалған қылмыстар туралы қылмыстық істерді қоспағанда, осы Кодекстің 382-бабының екінші бөлігіне және 64-тарауына сәйкес кінәні мойындау туралы мәміле нысанындағы істі сотта талқылау;"

42) 622-баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Егер сот кеңесу бөлмесіне кеткенге дейін процестік келісімге келіспеушілік білдірілсе, сондай-ақ осы Кодекстің 614-бабы бірінші бөлігінің 2) тармағында көзделген шектеулер болған кезде келісімдік іс жүргізуге жол берілмейді.";

43) 642-баптағы "кандидаттықтан өздігінен бас тартуды" деген сөздер "кандидатқа қарсылық білдіруді" деген сөздермен ауыстырылсын;

44) 673-баптың он бірінші бөлігіндегі "сегізінші" деген сөз "тоғызыншы" деген сөзбен ауыстырылсын.

3. 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., № 17, 91-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 22, 131-құжат; 2015 ж., № 7, 33-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 22-III, 149-құжат; № 23-II, 170-құжат; 2016 ж., № 8-II, 67-құжат; № 23, 118-құжат; № 24, 126, 129, 131-құжаттар; 2017 ж., № 8, 16-құжат; № 14, 50-құжат; № 16, 56-құжат; 2018 ж., № 1, 2-құжат):

1) 50 және 51-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"50-бап. Айыппұл түріндегі жазаны орындау тәртібі мен шарттары

1. Сотталған адам айыппұлды үкімде белгіленген мерзім ішінде төлейді. Айыппұл төлеу мерзімі үкім заңды күшіне енген кезден бастап есептеледі және оған сот кейінге қалдыруды берген уақыт қосылмайды. Егер үкім бойынша сотталған адам айыппұлды бір айдан аса мерзім ішінде төлеуге міндетті болса, айыппұл ай сайын тең үлестермен төленеді.

2. Сотталған адам мүліктік жағдайы нашарлаған жағдайда, айыппұлды кейінге қалдыруды беру туралы сот алдында өтініш жасауға құқылы.

51-бап. Сотталған адамның айыппұл түріндегі жазаны орындау тәртібі мен шарттарын бұзғаны үшін жауаптылығы

Егер сотталған адам айыппұлды сот белгілеген мерзімде төлемеген немесе толық төлемеген жағдайда, жазаны орындайтын орган (сот орындаушысы) айыппұлды мәжбүрлеп орындату жөнінде шаралар қабылдайды. Айыппұлды толық өндіріп алу үшін сотталған адамның кірістері немесе мүлкі жеткіліксіз болған не сотталған адамның өз кірістерін немесе мүлкін мәжбүрлеп өндіріп алудан жасыру фактісі анықталған жағдайларда, жазаны орындайтын орган (сот орындаушысы) Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне сәйкес айыппұлды жазаның басқа түрімен ауыстыру туралы сотқа ұсыну жібереді.";

2) 89-баптың үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы және жетінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қауіпсіздігі барынша төмен мекемелерде бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын мыналар:

1) Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 46-бабы бесінші бөлігінің 1) тармағында аталған сотталғандар;

2) орташа қауіпсіз және қауіпсіздігі барынша жоғары мекемелерден осы Кодекстің 96-бабының бірінші бөлігіне сәйкес ауыстырылған сотталғандар өтейді.

4. Орташа қауіпсіз мекемелерде бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын мыналар:

1) Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 46-бабы бесінші бөлігінің 2) тармағында аталған сотталғандар;

2) мекемелерден осы Кодекстің 96-бабының бірінші бөлігінің 1) тармақшасына, үшінші бөлігінің 1) және 2) тармақшаларына сәйкес ауыстырылған сотталғандар;

3) кәмелетке толмағандарды ұстауға арналған орташа қауіпсіз мекемелерден осы Кодекстің 156-бабына сәйкес ауыстырылған сотталғандар өтейді.

5. Қауіпсіздігі барынша жоғары мекемелерде бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын мыналар:

1) Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 46-бабы бесінші бөлігінің 3) тармағында аталған сотталғандар;

2) осы Кодекстің 96-бабы бірінші бөлігінің 1) тармақшасына, үшінші бөлігінің 1) тармақшасына сәйкес ауыстырылған сотталғандар өтейді.

6. Төтенше қауіпсіз мекемелерде бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын мыналар:

1) Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 46-бабы бесінші бөлігінің 4) тармағында аталған сотталғандар;

2) өлім жазасы түріндегі жазасы кешірім жасау тәртібімен бас бостандығынан айырумен ауыстырылған сотталғандар;

3) осы Кодекстің 96-бабы бірінші бөлігінің 1) тармақшасына, үшінші бөлігінің 1) тармақшасына сәйкес ауыстырылған сотталғандар өтейді.

7. Толық қауіпсіз мекемелерде бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын мыналар:

1) Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 46-бабының алтыншы бөлігінде аталған сотталғандар;

2) өздеріне қатысты өлім жазасы туралы сот үкімі өлім жазасын орындауға мораторий енгізілгенге дейін немесе мораторий қолданылған уақытта күшіне енген сотталғандар;

3) осы Кодекстің 88-бабы төртінші бөлігінің 4) тармақшасына сәйкес ауыстырылған сотталғандар;

4) осы Кодекстің 96-бабы үшінші бөлігінің 3) тармақшасына сәйкес жіберілген сотталғандар өтейді.";

3) 94-баптың екінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай мазмұндағы екінші сөйлеммен толықтырылсын:

"Осы баптың қолданысы қауіпсіздігі барынша төмен мекемелерге қолданылмайды."

;

4) 96-баптың екінші бөлігі мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын

:

"1-1) Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 15-тарауында көзделген қылмыстар жасағаны үшін, қылмыспен келтірілген залалды өтемегендер;"

5) 142-бапта:

бірінші бөліктің 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 46-бабы бесінші бөлігінің 1) тармағында аталған сотталғандар;"

төртінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Дәрежесі бірінші оң мінез-құлықты сотталғандар еңбекке адал қараған кезде жеңілдетілген жағдайларға ауыстырылады. Бұл ретте ауыстыру дәрежесі бірінші оң мінез-құлыққа ие болған күннен бастап дағдылы жағдайларда жаза мерзімінің кемінде үш айын, ал Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 7, 8, 9, 12, 13 және 15-тарауларында көзделген қылмыстар бойынша сотталғандар үшін бір жылын өтегеннен кейін ғана жүзеге асырылады.";

оныншы бөлік алып тасталсын;

6) 143-баптың бесінші бөлігі мынадай мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын:

"Қауіпсіздігі барынша төмен мекеме аумағынан тыс жерде отбасымен тұруға арналған рұқсат мекеменің ішкі тәртіптеме қағидаларына сәйкес ресімделеді.";

7) 162-бапта:

тоғызыншы бөлік мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Сотқа материалдар мен прокурорға хабарлама электронды құжат түрінде жіберілуі мүмкін.";

оныншы бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Сот бас тартқан жағдайда, көрсетілген негіздердің кез келгені бойынша өтінішхатты қайта енгізу бас тарту туралы қаулы шығарылған күннен бастап кемінде алты ай өткеннен кейін мүмкін болады. Бұл ретте жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жазаға ауыстыру туралы соттың бас тартуы шартты түрде мерзімінен бұрын босату туралы өтінішхатты, сол сияқты соттың шартты түрде мерзімінен бұрын босатудан бас тартуы – жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жазаға ауыстыру туралы өтінішхатты алты ай мерзім өткенге дейін енгізуге кедергі бола алмайды.";

8) 169-баптың сегізінші бөлігі мынадай мазмұндағы 6-2) тармақшамен толықтырылсын:

"6-2) алкогольдік ішімдіктерді, сондай-ақ медициналық емес мақсаттарда есірткі мен психотроптық заттарды, сол тектестерді тұтынбауға;"

9) 171-баптың 1) және 2) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"1) қауіпті қайталануы кезінде жасалған қылмыстары үшін, сол сияқты террористік немесе экстремистік қылмыстары, кәмелетке толмағандарға жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыстары үшін;

2) ауыр және (немесе) аса ауыр қылмыстары үшін немесе қасақана қылмыстары үшін бас бостандығынан айыруға екі және одан да көп рет сотты болғандарға және жаза мерзімі аяқталған кезде дәрежесі үшінші теріс мінез-құлыққа ие болған сотталғандарға белгіленеді."

4. "Жедел-іздістіру қызметі туралы" 1994 жылғы 15 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., № 13-14, 199-құжат; 1995 ж., № 24, 167-құжат; Қазақстан Республикасы

Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 14, 275-құжат; 1998 ж., № 24, 436-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; 2001 ж., № 8, 53-құжат; № 17-18, 245-құжат; 2002 ж., № 4, 32-құжат; № 15, 147-құжат; № 17, 155-құжат; 2004 ж., № 18, 106-құжат; № 23, 142-құжат; № 24, 154-құжат; 2005 ж., № 13, 53-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; 2009 ж., № 6-7, 32-құжат; № 17, 83-құжат; № 24, 121-құжат; 2010 ж., № 10, 48-құжат; 2011 ж., № 1, 7-құжат; № 20, 158-құжат; 2012 ж., № 3, 26-құжат; 2013 ж., № 1, 2-құжат; 2014 ж., № 7, 33-құжат; № 14, 84-құжат; № 16, 90-құжат; № 21, 118, 122-құжаттар; 2016 ж., № 23, 118-құжат; № 24, 126-құжат; 2017 ж., № 8, 16-құжат; № 14, 50-құжат; № 21, 102-құжат):

1) 5-баптың 3-тармағының екінші бөлігіндегі " – ескертуімен" деген сөз " прокурорлық қадағалау тәртібімен" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 11-баптың 3-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Осы тармақта көзделген арнаулы жедел-ізвестіру іс-шараларын ұйымдастыру және оларды жүргізу тактикасы Қазақстан Республикасының Бас Прокурорымен келісу бойынша, жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асыратын органдардың бірінші басшыларының нормативтік құқықтық актілерінде айқындалады."

5. "Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды әкімшілік қадағалау туралы" 1996 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 13, 272-құжат; 2002 ж., № 18, 159-құжат; 2005 ж., № 13, 53-құжат; 2007 ж., № 5-6, 40-құжат; 2009 ж., № 24, 122-құжат; 2014 ж., № 14, 84-құжат; 2015 ж., № 21-I, 125-құжат; 2016 ж., № 8-II, 67-құжат; 2017 ж., № 8, 16-құжат; № 16, 56-құжат):

1) 2-баптың а), б) және в) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"а) қауіпті қайталануы кезінде жасалған қылмыстары, сол сияқты террористік немесе экстремистік қылмыстары, кәмелетке толмағандарға жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыстары үшін;

б) ауыр және (немесе) аса ауыр қылмыстары үшін немесе қасақана қылмыстары үшін бас бостандығынан айыруға екі және одан да көп рет сотты болғандарға және жаза мерзімі аяқталған кезде дәрежесі үшінші теріс мінез-құлықты сотталғандарға;"

в) егер жазаны өтегеннен кейін ішкі істер органдарының ескертулеріне қарамастан қоғамдық тәртіпті, адамның және азаматтың құқықтары мен заңды мүдделерін үнемі бұзса, өзге де құқық бұзушылықтар жасаса, ауыр және (немесе) аса ауыр қылмыстары үшін немесе қасақана қылмыстары үшін бас бостандығынан айыруға екі және одан да көп рет сотты болғандарға белгіленеді.";

2) 4-баптың б) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"б) осы Заңның 2-бабының в) тармақшасында аталған адамдарға – Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 79-бабына сәйкес соттылық мерзімі өтелгенге дейін тұрғылықты жері бойынша белгіленеді.";

3) 5-бапта:

бірінші бөліктің үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"осы Заңның 2-бабының в) тармақшасында аталған адамдарға – ішкі істер органы бастығының уәжді ұсынуы бойынша, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамның тұрғылықты жеріндегі аудандық (қалалық) соттың судьясы жеке өзі сот отырысында белгілейді.";

алтыншы бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Сот қаулысы өзіне қатысты әкімшілік қадағалау белгіленген адамның тұрғылықты жеріндегі аудандық (қалалық) ішкі істер органының бастығына, ал осы Заңның 2-бабының а) және б) тармақшаларында көзделген жағдайларда, қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінің бастығына орындау үшін жіберіледі.";

4) 10-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Әкімшілік қадағалауды белгілеу, оның мерзімін ұзарту немесе шектеулерін өзгерту туралы сот қаулысын қадағалауға алынған адамға – қолын қойғыза отырып, ішкі істер органының бастығы, ал қылмыстық-атқару жүйесі мекемесіндегі адамға мекеме бастығы жариялайды. Бұл ретте қадағалауға алынған адамға – оның міндеттері, әкімшілік қадағалау қағидаларын бұзғаны үшін жауаптылығы, ал әкімшілік қадағалау қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінен босатылар алдында белгіленген адамға таңдаған тұрғылықты жеріне белгілі бір мерзімде келмегені үшін жауаптылығы түсіндіріледі.";

5) 15-баптың бірінші және екінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы Заңның 14-бабының а), в), г), д) және е) тармақшаларында көзделген жағдайларда, ішкі істер органының әкімшілік қадағалауды жүзеге асыратын қызметкері әкімшілік қадағалауды тоқтату туралы қаулы шығарады, оны ішкі істер органының бастығы бекітеді.

Осы Заңның 14-бабының б) тармақшасында көзделген жағдайда, ішкі істер органының бастығы сотқа әкімшілік қадағалауды мерзімінен бұрын тоқтату туралы уәжді ұсыну жібереді, ол он күндік мерзімде қаралуға жатады."

6. "Тұрғын үй қатынастары туралы" 1997 жылғы 16 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 8, 84-құжат; 1999 ж., № 13, 431-құжат; № 23, 921-құжат; 2001 ж., № 15-16, 228-құжат; 2002 ж., № 6, 71-құжат; 2003 ж., № 11, 67-құжат; 2004 ж., № 14, 82-құжат; № 17, 101-құжат; № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 16, 103-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 15, 106, 108-құжаттар; № 18, 143-құжат; 2009 ж., № 11-12, 54-құжат; № 18, 84-құжат; № 24, 122-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 10, 52-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 10, 86-құжат; № 11, 102-құжат; № 16, 128, 129-құжаттар; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 21-құжат; № 4, 32-құжат; № 5, 41-құжат; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; № 15, 77-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 14, 84, 86-құжаттар; № 16, 90-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат; № 24, 144-құжат; 2015 ж., № 1, 2-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 22-V, 154, 158-құжаттар; № 23-II, 170-құжат; 2016 ж., № 8-I, 65-құжат; № 12,

87-құжат, № 23, 118-құжат; 2017 ж., № 8, 16-құжат; № 11, 29-құжат; № 21, 98-құжат; 2018 жылғы 28 мамырда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік қызметті реттеуді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2018 жылғы 24 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы):

13-баптың 8-тармағының 10) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"10) ішкі істер органдарының күнтізбелік есеппен жиырма және одан да көп еңбек сіңірген жылдары бар қызметкерлері және теріс себептер бойынша қызметтен шығарылғандарды қоспағанда, қызметтен шығарылған және күнтізбелік есеппен жиырма және одан да көп еңбек сіңірген жылдары бар қызметкерлер, сондай-ақ күнтізбелік есеппен он және одан да көп еңбек сіңірген жылдары бар және мүгедек балаларды асырап-бағып отырған қызметкерлер құқылы. Ішкі істер органдарының берілген қызметтік тұрғын үйді жекешелендіруге құқығы бар зейнеткері қайтыс болған жағдайда, жекешелендіру құқығы қайтыс болған (қаза тапқан) адамның отбасы мүшелеріне өтеді."

7. "Адамдарды қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнаулы мекемелерде ұстау тәртібі мен шарттары туралы" 1999 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 6, 190-құжат; 2001 ж., № 17-18, 245-құжат; 2002 ж., № 15, 147-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; № 24, 154-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; 2008 ж., № 15-16, 63-құжат; 2009 ж., № 24, 128, 130-құжаттар; 2010 ж., № 24, 152-құжат; 2011 ж., № 19, 145-құжат; 2012 ж., № 3, 26-құжат; № 4, 32-құжат; 2013 ж., № 13, 62-құжат; № 14, 72-құжат; 2014 ж., № 14, 84-құжат; № 16, 90-құжат; № 21, 122-құжат; № 22, 131-құжат; 2015 ж., № 1, 2-құжат; 2016 ж., № 24, 126-құжат; 2017 ж., № 8, 16-құжат; № 16, 56-құжат):

1) тақырып және кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Адамдарды қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнаулы мекемелерде, арнаулы үй-жайларда ұстау тәртібі мен шарттары туралы

Осы Заң қоғамнан уақытша оқшаулауды заңды негіздерде қамтамасыз ететін арнаулы мекемелер, арнаулы үй-жайлар қызметінің құқықтық негіздерін айқындайды, сондай-ақ оларда ұсталатын адамдардың құқықтары мен міндеттерін белгілейді."

2) 2-бап мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

"2-1) арнаулы үй-жай – әкімшілік құқық бұзушылықтың жолын кесу немесе әкімшілік іс жүргізуді қамтамасыз ету мақсатында заңда белгіленген мерзімге жеке тұлғаның, заңды тұлға өкілінің, лауазымды адамның жеке бас бостандығын қысқа мерзімге шектеуге арналған үй-жай;"

3) 3-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"3-бап. Адамдарды арнаулы мекемелерде, арнаулы үй-жайларда ұстау мақсаттары

Адамдарды арнаулы мекемелерде, арнаулы үй-жайларда ұстау Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген шараларды орындау мақсатында жүзеге асырылады.";

4) 4-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"4-бап. Арнаулы мекемелерде, арнаулы үй-жайларда ұстау қағидаттары

Арнаулы мекемелерде, арнаулы үй-жайларда ұстау заңдылық, кінәсіздік презумпциясы, азаматтардың заң алдындағы теңдігі, ізгілік, жеке бастың абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеу қағидаттарына, халықаралық құқық нормаларына сәйкес жүзеге асырылады және арнаулы мекемелерде ұсталушы, қылмыс жасады деп күдік келтірілгендер мен айыпталушыларға тән азабын немесе рухани азап шектіру мақсатындағы әрекеттермен ұштаспауға тиіс.";

5) мынадай мазмұндағы 5-1-баппен толықтырылсын:

"5-1-бап. Адамды арнаулы үй-жайға отырғызу негізі

Адамды арнаулы үй-жайға отырғызу уәкілетті лауазымды адам толтырған, әкімшілік ұстап алу туралы хаттама негізінде жүзеге асырылады.";

6) 6-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"6-бап. Арнаулы мекемелерде, арнаулы үй-жайларда ұсталушы адамдардың құқықтық жағдайы

1. Арнаулы мекемелерде, арнаулы үй-жайларда ұсталушы адамдар Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарында көзделген шектеулермен, Қазақстан Республикасының азаматтары үшін белгіленген құқықтар мен бостандықтарды пайдаланады, сондай-ақ міндеттерді атқарады.

2. Арнаулы мекемелерде, арнаулы үй-жайларда ұсталушы шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар, егер Қазақстан Республикасының Конституциясында, заңдарында және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының азаматтары үшін белгіленген құқықтар мен бостандықтарды пайдаланады, сондай-ақ міндеттерді атқарады.";

7) мынадай мазмұндағы 9-2-баппен толықтырылсын:

"9-2-бап. Арнаулы үй-жайлар

1. Арнаулы үй-жайлар Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің бұйрығымен полиция органдарының кезекші бөлімдері жанынан құрылады.

2. Арнаулы үй-жайлардың қызметін ұйымдастыру тәртібін және арнаулы үй-жайдың үлгілік ішкі тәртіптеме қағидаларын Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі айқындайды.";

8) мынадай мазмұндағы 3-4-тараумен толықтырылсын:

"3-4-тарау. Әкімшілік ұстауға алынған адамдарды арнаулы үй-жайларда ұстау

46-21-бап. Әкімшілік ұстауға алынған адамдарды арнаулы үй-жайларға қабылдау және тіркеу

1. Арнаулы үй-жайларға отырғызылатын адамдарды қабылдау және тіркеу, жеке қарап тексеруді, медициналық куәландыруды, дактилоскопиялауды, суретке түсіруді жүргізу тәртібі, сондай-ақ алып қоюға жататын заттардың тізбесі арнаулы үй-жайлардың қызметін ұйымдастыру қағидаларына сәйкес айқындалады.

2. Әкімшілік ұстауға алынған адамдардың арнаулы үй-жайларға отырғызылғаны туралы олардың тұрғылықты жері бойынша жақын туыстарына дереу хабарланады.

Шетелдікті арнаулы үй-жайға отырғызған кезде әкімшілік ұстап алуды жүзеге асыратын мемлекеттік орган бұл туралы Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасына, Сыртқы істер министрлігіне, Ұлттық қауіпсіздік комитетіне және Ішкі істер министрлігіне дереу хабарлайды.

46-22-бап. Арнаулы үй-жайларда ұстау режимі

1. Арнаулы үй-жайларда ұсталатын адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін және олардың өз бетінше кету мүмкіндігін болғызбайтын режим белгіленеді. Ұстау жағдайлары, үй-жайларды жабдықтауға қойылатын талаптар арнаулы үй-жайдың үлгілік ішкі тәртіптеме қағидаларында айқындалады.

2. Ұстауға алынған, арнаулы үй-жайларда ұсталатын адамдар күзетпен ұсталатындар мен арнаулы қабылдау орындарындағылар үшін белгіленген нормалар бойынша тамақпен қамтамасыз етіледі. Тамақ өнімдері күн сайын ведомость бойынша беріледі.

3. Арнаулы үй-жайларға орналастырылған ер адамдар әйел адамдардан бөлек орналастырылады.

4. Өздеріне қатысты ұстап алу қолданылған кәмелетке толмағандар ересек адамдардан бөлек ұсталады.

5. Инфекциялық және паразиттік аурулармен ауыратындарды ұстауға алынған басқа да адамдармен бірге ұстауға болмайды."

46-23-бап. Арнаулы үй-жайларда ұсталатын, ұстауға алынған адамдардың құқықтары мен міндеттері

1. Ұстауға алынған адамдар:

1) өздерінің құқықтары мен міндеттері, арнаулы үй-жайда ұстау режимі туралы ақпарат алуға;

2) арнаулы үй-жайда болу кезеңінде жеке басының қауіпсіздігіне;

3) материалдық-тұрмыстық және медициналық-санитариялық қызмет көрсетуді алуға;

4) полиция органының басшысына, прокуратура органдарына, сотқа өздерінің құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылу мәселелері бойынша жүгінуге құқығы бар.

2. Арнаулы үй-жайларға орналастырылған адамдар полиция органының басшысы бекітетін, арнаулы үй-жайдың ішкі тәртіптеме қағидаларын орындауға міндетті.

46-24-бап. Ұстауға алынған адамдарды арнаулы үй-жайдан босату

1. Ұстауға алынған адамдар ұсталуына негіз болған мән-жайлар жойылған кезде не Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ұстап алу мерзімі аяқталғаннан кейін дереу босатылуға жатады.

2. Босатылған адамдарға сақталуы заңсыз болып табылатын заттардан басқа, олардан сақтауға алып қойылған құжаттары, ақшасы мен заттары қолхатпен қайтарылады.

3. Ұстауға алынған адамдар атыс немесе суық қаруды, жарылғыш, қатты әсер ететін немесе улы заттарды және есірткі заттарын заңсыз сақтаған кезде шешімдер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қабылданады.

4. Босату кезінде адамға оның арнаулы үй-жайда болғаны туралы анықтама беріледі .";

9) 49-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"49-бап. Адамдарды арнаулы мекемелерде, арнаулы үй-жайларда ұстау тәртібі мен шарттарын қадағалау

Адамдарды арнаулы мекемелерде, арнаулы үй-жайларда ұстау тәртібі мен шарттарын қадағалауды прокуратура органдары жүзеге асырады."

8. "Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 13 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 19 , 649-құжат; 2002 ж., № 4, 32-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2009 ж., № 15-16, 71-құжат; № 19, 88-құжат; 2010 ж., № 7, 32-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 4, 32-құжат; 2013 ж., № 1, 2-құжат; № 16, 83-құжат; 2014 ж., № 7, 37-құжат; № 11, 61-құжат; № 16, 90-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 118, 122-құжаттар; 2015 ж., № 1, 2-құжат; № 16, 79-құжат; № 22-I, 140-құжат; 2016 ж., № 23, 118-құжат; № 24, 126-құжат; 2017 ж., № 16, 56-құжат; № 23-III, 111-құжат):

1) 4-баптың 2-тармағының 5) тармақшасы "(облыстық маңызы бар қаланың)" деген сөздерден кейін "және теңіздік" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 13-бапта:

1-тармақта:

орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізіледі, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

"(облыстық маңызы бар қаланың)" деген сөздерден кейін "және теңіздік" деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақ мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын күзетуді және Қазақстан Республикасының Каспий теңізіндегі шекара кеңістігінде белгіленген режимдердің сақталуына бақылауды жүзеге асыратын Шекара қызметі бірлестігінің (өңірлік басқармасының) бастығы теңіздік жедел штаб басшысы болып табылады.";

4-тармақтың екінші бөлігі "(облыстық маңызы бар қаланың)" деген сөздерден кейін "және теңіздік" деген сөздермен толықтырылсын;

5-тармақ алып тасталсын;

3) 13-1-бапта:

1-тармақ "(облыстық маңызы бар қаланың)" деген сөздерден кейін "және теңіздік" деген сөздермен толықтырылсын;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Республикалық жедел штабтың басшысы терроризм актісінің жасалғаны туралы немесе оның дайындалып жатқаны, сондай-ақ терроризмге қарсы операцияның басталғаны туралы расталған ақпаратты алған кезде Қазақстан Республикасының Президентіне, Қазақстан Республикасының Қауіпсіздік Кеңесіне, Қазақстан Республикасының Бас Прокурорына және Қазақстан Республикасының Үкіметіне дереу хабарлайды.";

4) 15-1-баптың 1-тармағының 4) тармақшасындағы "жергілікті жердің жекелеген учаскелерінен және объектілерден" деген сөздер "жекелеген объектілерден, жергілікті жер мен су кеңістігі учаскелерінен" деген сөздермен ауыстырылсын.

9. "Күзет қызметі туралы" 2000 жылғы 19 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2000 ж., № 14-15, 281-құжат; 2002 ж., № 4, 34-құжат; № 17, 155-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 8, 52-құжат; 2008 ж., № 12, 51-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; № 24, 122-құжат; 2010 ж., № 24, 149-құжат; № 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 4, 32-құжат; № 5, 35-құжат; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 1, 2-құжат; 2014 ж., № 8, 49-құжат; № 10, 52-құжат; № 14, 84-құжат; № 16, 90-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 22, 131-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 20-IV, 113-құжат; 2016 ж., № 23, 118-құжат; № 24, 126-құжат; 2017 ж., № 16, 56-құжат):

10-баптың 6-тармағында:

бірінші абзацтағы "қызметіне" деген сөз "лауазымын" деген сөзбен ауыстырылсын;

3-1) және 4) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"3-1) күзетші лауазымына қабылданғанға дейін бір жылдың ішінде немесе осы лауазымда болған кезеңде қылмыстық теріс қылық жасағаны үшін соттың айыптау үкімі шығарылған, сондай-ақ күзетші лауазымына қабылданғанға дейін бір жылдың ішінде немесе осы лауазымда болған кезеңде қылмыстық теріс қылық жасағаны үшін қылмыстық жауаптылықтан Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабының бірінші бөлігі 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтарының немесе 36-бабының негізінде босатылған;

4) бұрын күзетшісі болып жұмысқа қабылданғанға дейін бір жыл ішінде немесе осы лауазымда болған кезеңде Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 149, 434, 436, 438, 439, 440, 443, 450, 453, 462, 463, 464, 469, 470, 476, 477, 478, 479, 481, 482, 483, 484, 485, 486, 487, 488, 489, 490, 494, 495, 496, 504, 506, 653, 654, 658, 659, 665, 667, 669, 670, 673, 675-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар жасағаны үшін әкімшілік жауаптылыққа тартылған;"

б) тармақшадағы "адамдарды қабылдауға болмайды" деген сөздер "адамдар атқара алмайды" деген сөздермен ауыстырылсын.

10. "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 3, 17-құжат; № 9, 86-құжат; № 24, 338-құжат; 2002 ж., № 10, 103-құжат; 2004 ж., № 10, 56-құжат; № 17, 97-құжат; № 23, 142-құжат; № 24, 144-құжат; 2005 ж., № 7-8, 23-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 13, 86, 87-құжаттар; № 15, 92, 95-құжаттар; № 16, 99-құжат; № 18, 113-құжат; № 23, 141-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 14-құжат; № 10, 69-құжат; № 12, 88-құжат; № 17, 139-құжат; № 20, 152-құжат; 2008 ж., № 21, 97-құжат; № 23, 114, 124-құжаттар; 2009 ж., № 2-3, 9-құжат; № 24, 133-құжат; 2010 ж., № 1-2, 2-құжат; № 5, 23-құжат; № 7, 29, 32-құжаттар; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 3, 7-құжаттар; № 2, 28-құжат; № 6, 49-құжат; № 11, 102-құжат; № 13, 115-құжат; № 15, 118-құжат; № 16, 129-құжат; 2012 ж., № 2, 11-құжат; № 3, 21-құжат; № 5, 35-құжат; № 8, 64-құжат; № 14, 92-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 8, 50-құжат; № 9, 51-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; № 15, 81-құжат; № 20, 113-құжат; № 21-22, 115-құжат; 2014 ж., № 2, 10-құжат; № 3, 21-құжат; № 7, 37-құжат; № 8, 49-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 67-құжат; № 12, 82-құжат; № 14, 84, 86-құжаттар; № 19-I, 19-II, 94, 96-құжаттар; № 21, 118, 122-құжаттар; № 22, 131-құжат; 2015 ж., № 9, 46-құжат; № 19-I, 101-құжат; № 19-II, 103-құжат; № 21-I, 121, 124, 125-құжаттар; № 21-II, 130, 132-құжаттар; № 22-I, 140-құжат; № 22-V, 154, 156, 158-құжаттар; 2016 ж., № 6, 45-құжат; № 7-I, 47, 49-құжаттар; № 8-II, 72-құжат; № 23, 118-құжат; 2017 ж., № 3, 6-құжат; № 8, 16-құжат; № 13, 45-құжат; № 15, 55-құжат; № 16, 56-құжат):

1) 6-баптың 1-тармағының 5-1) және 6-1) тармақшалары алып тасталсын;

2) 29-бапта:

1-тармақтың 4) тармақшасының төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің ұсынуы бойынша облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың полиция департаментінің басшысын лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады. Полиция департаменті басшысының лауазымына кандидатура Қазақстан Республикасының құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдары басшылығының президенттік резервінде тұрған полиция қызметкерлері қатарынан ұсынылады. Жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын полиция бөлімшелерінің басқа да басшыларын лауазымға тағайындау және лауазымнан босату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады. Полиция департаментінің басшысы осы Заңда белгіленген ерекшеліктермен "Құқық қорғау қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес тәртіптік жауаптылықта болады. Полиция департаментінің басшысы ішкі істер органдарынан босатылған жағдайда, атқаратын лауазымынан да босатылған болып есептеледі";

1-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1-1. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әкімі тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында полиция органдарының жедел-іздістіру және процестік қызметіне араласпай, олардың алдына құқық бұзушылықтар профилактикасы, қоғамдық тәртіпті сақтау және жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде міндеттер қояды, жылына кемінде бір рет полиция департаменті басшысының тиісті есептерін тыңдайды.";

3) 33-баптың 1-1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1-1. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) әкімі тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында аумақтық полиция органының жедел-іздістіру және процестік қызметіне араласпай, олардың алдына құқық бұзушылықтар профилактикасы, қоғамдық тәртіпті сақтау және жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде міндеттер қояды, жылына кемінде бір рет аумақтық полиция органы басшысының тиісті есептерін тыңдайды.".

11. "Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы" 2009 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2009 ж., № 23, 114-құжат., 2013 ж., № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 3, 21-құжат; № 14, 84-құжат; № 19-I, 19-II, 94, 96-құжат; 2015 ж., № 21 -I, 125-құжат; 2017 ж., № 16, 56-құжат):

1) 20-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Жәбірленушінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында және Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде көзделген тәртіппен әкімшілік ұстап алуды не Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 128-бабында көзделген тәртіппен ұстап алуды жүргізу үшін негіздер болмаған кезде аумақтық полиция органының, ішкі істер органы жергілікті полиция қызметінің бастықтары, олардың орынбасарлары, учаскелік полиция инспекторлары, кәмелетке толмағандардың істері және әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі инспекторлар жәбірленушінің пікірін ескере отырып, қорғау нұсқамасын шығарады, ол тұрмыстық зорлық-зомбылық жасаған не оны жасау қаупін төндіретін адамға орындау үшін қолхатпен беріледі. Қол қоюдан бас тартылған жағдайда, қорғау нұсқамасында бұл туралы жазба жасалады.

Жәбірленушіге оның құқықтары, сондай-ақ өзіне қатысты қорғау нұсқамасы шығарылған адам оны бұзған жағдайда құқықтық салдарлары түсіндіріле отырып, қорғау нұсқамасы шығарылған күні оның көшірмесі қолхатпен берілуге тиіс.

Қорғау нұсқамасының көшірмесі өзіне қатысты қорғау нұсқамасы шығарылған адамға табыс етілген кезінен бастап жиырма төрт сағат ішінде прокурорға жіберіледі.";

2) 22-баптың 3-тармағының 2) тармақшасындағы "пайдалануға тыйым салынуы мүмкін." деген сөздер "пайдалануға;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

"3) алкогольдік ішімдіктерді, сондай-ақ медициналық емес мақсаттарда есірткі мен психотроптық заттарды, сол тектестерді тұтынуға тыйым салынуы мүмкін."

12. "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" 2010 жылғы 2 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2010 ж., № 7, 27-құжат; № 24, 145-құжат; 2011 ж., № 1, 3-құжат; № 5, 43-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 6, 43-құжат; № 8, 64-құжат; № 13, 91-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 2, 10-құжат; № 9, 51-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 15, 76-құжат; 2014 ж., № 1, 9-құжат; № 4-5, 24-құжат; № 6, 27-құжат; № 10, 52-құжат; № 14, 84-құжат; № 16, 90-құжат; № 19-I, 19-II, 94, 96-құжаттар; № 21, 122-құжат; № 22, 131-құжат; № 23, 143-құжат; № 24, 144-құжат; 2015 ж., № 8, 42-құжат; № 19-II, 106-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 20-VII, 115-құжат; № 21-I, 128-құжат; № 21-III, 136-құжат; № 22-I, 143-құжат; № 22-VI, 159-құжат; № 23-II, 170-құжат; 2016 ж., № 7-II, 55-құжат; № 12, 87-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; № 16, 56-құжат; № 21, 98-құжат; № 22-III, 109-құжат; 2018 жылғы 28 мамырда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік қызметті реттеуді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2018 жылғы 24 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы):

6-баптың 3-1-тармағы "заңсыз орналастыру" деген сөздерден кейін ", кейіннен сот тәртібімен заңсыз деп танылған жасырын тергеу әрекеттерін жүргізу" деген сөздермен толықтырылсын.

13. "Құқық қорғау қызметі туралы" 2011 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж., № 1, 4-құжат; № 19, 145-құжат; 2012 ж., № 3, 26-құжат; № 5, 41-құжат; № 8, 64-құжат; 2013 ж., № 7, 34, 36-құжаттар; № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 7, 37-құжат; № 8, 49-құжат; № 14, 84-құжат; № 16, 90-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 20-I, 111-құжат; № 21-III, 135-құжат; № 22-II, 148-құжат; № 22-III, 149-құжат; № 22-V, 154-құжат; 2016 ж., № 7-I, 50-құжат; № 24, 123-құжат; 2017 ж., № 13, 45-құжат; № 14, 50-құжат; № 16, 56-құжат):

1) бүкіл мәтіні бойынша "жоғарылату", "жоғарылау", "жоғарылай алады", "жоғарылатуды" деген сөздер тиісінше "өсіру", "өсіру", "өсе алады", "өсіруді" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 7-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Қызметкердің құқық қорғау қызметін өткеру кезеңінде бос лауазымға орналасуы, ол тиісті бос лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келген жағдайда, оның келісімі бойынша ауысу тәртібімен конкурстан тыс негізде немесе конкурстық негізде жүзеге асырылуы мүмкін.";

3) 33-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қызметкерлерді қызмет бабында өсіру кадр резервінде тұрған қызметкерлер қатарынан не конкурстық негізде, олар қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келген жағдайда, сондай-ақ іскерлік және жеке қасиеттері, қызметтік жұмыс нәтижелері ескеріле отырып жүргізіледі.";

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Конкурстық негізде орналасатын басшы лауазымдар тізбесін, жоғары тұрған басшы лауазымдарға конкурс өткізу шарттары мен тәртібін құқық қорғау органының басшысы айқындайды.

Жоғары тұрған басшы лауазымға арналған конкурсқа құқық қорғау органының, оның ведомстволарының, мекемелерінің, білім беру ұйымдарының, аумақтық немесе оларға теңестірілген бөлімшелерінің қызметкерлері қатысуға құқылы.

Құқық қорғау органының, оның ведомстволарының, мекемелерінің, білім беру ұйымдарының, аумақтық немесе оларға теңестірілген бөлімшелерінің қызметкерлері арасында конкурстық комиссияның оң қорытындысын алған конкурсқа қатысушылар болмаған кезде конкурс өткізіледі, оған басқа да құқық қорғау органдарының қызметкерлері қатыса алады.

Конкурсты барлық құқық қорғау органдарының қызметкерлері арасында өткізу туралы хабарландыру мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органның интернет-ресурсында жарияланады."

14. "Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы" 2014 жылғы 23 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., № 8, 48-құжат; № 16, 90-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 1, 2-құжат; № 16, 79-құжат; № 21-I, 125-құжат; 2016 ж., № 6, 45-құжат; № 24, 129, 131-құжаттар; 2017 ж., № 8, 16-құжат; № 14, 50-құжат; 2018 ж., № 7-8, 22-құжат):

1) 7-бапта:

2-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Әкімшілік полиция жергілікті полиция қызметінен, азаматтық және қызметтік қару айналымы саласындағы бақылау бөлімшелерінен, көші-қон полициясынан, айдауылдау қызметінен, арнаулы мекемелерден және қоғамдық тәртіпті сақтауды жүзеге асыратын өзге де бөлімшелерден тұрады.";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Ішкі істер органдары Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінен (бұдан әрі – Ішкі істер министрлігі), ведомстволардан, аумақтық полиция органдарынан, сондай-ақ Ішкі істер министрлігіне ведомстволық бағынысты ұйымдардан тұрады.

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, көліктегі полиция департаменттері (ішкі істер департаменттері), қалалық, аудандық, қалалардағы аудандық, желілік полиция органдары (ішкі істер органдары), әскери-тергеу органдары аумақтық полиция органдары болып табылады.";

2) 9-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"9-1-бап. Жергілікті полиция қызметі

1. Жергілікті полиция қызметі учаскелік полиция инспекторлары, кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі, әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі, жол-патрульдік полиция, табиғат қорғау полициясы бөлімшелерінен және құқық бұзушылықтар профилактикасы, қоғамдық тәртіпті сақтау, жол жүрісі қауіпсіздігін камтамасыз ету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын өзге де бөлімшелерден тұрады.

2. Жергілікті полиция қызметі бөлімшелерінің қызметкерлерін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделмеген міндеттерді орындауға тартуға жол берілмейді.

3. Учаскелік полиция инспекторы тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағындағы әкімшілік учаскеде тұратын халық алдында тоқсанына кемінде бір рет есеп береді.";

3) 10-бапта:

2-1) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 2-2) және 16-1) тармақшалармен толықтырылсын:

"2-2) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың полиция департаменті, қалалық, аудандық, қаладағы аудандық полиция органы бастығының және учаскелік полиция инспекторының халық алдындағы есеп берулерін ұйымдастыру және өткізу қағидаларын бекітеді;"

"16-1) Ішкі істер министрлігінің заңды тұлғалар болып табылатын арнайы мақсаттағы бөлімшелеріне шартты атаулар береді;"

4) 11-бапта:

24) тармақшада:

үшінші абзац алып тасталсын;

оныншы абзацтағы "паспортын әзірлейді." деген сөздер "паспортын;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы он бірінші абзацпен толықтырылсын:

"облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың полиция департаменті, қалалық, аудандық, қаладағы аудандық полиция органы бастығының және учаскелік полиция инспекторының халық алдындағы есеп берулерін ұйымдастыру және өткізу қағидаларын әзірлейді;"

25) тармақшаның төртінші абзацы алып тасталсын;

5) 12-баптың 1-тармағының 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) республикалық бюджеттен қаржыландырылатын аумақтық органдар аппараттары ахуалдық орталықтарының электрондық поштаның, бейне конференциялық байланыс және бейнебақылау жүйесінің көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеу жөніндегі шығындарын қоспағанда, жанар-жағармай материалдарын сатып алуды, сондай-ақ аумақтық ішкі істер органдарының коммуналдық көрсетілетін қызметтерге, электр энергиясына, жылуға және көрсетілетін байланыс қызметтеріне ақы төлеу жөніндегі шығындарын қоса алғанда, қызметтік үй-жайларды,

радиобайланыс құралдарын, мобильді және портативті бейнетіркегіштерді, көлік құралдарын күтіп-ұстауды, оларға қызмет көрсетуді және жөндеуді қамтамасыз етеді";

б) 22-бапта:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Ішкі істер органдарының күнтізбелік есеппен жиырма және одан да көп еңбек сіңірген жылдары бар қызметкерлерінің және теріс себептер бойынша қызметтен шығарылғандарды қоспағанда, қызметтен шығарылған және күнтізбелік есеппен жиырма және одан да көп еңбек сіңірген жылдары бар қызметкерлердің, сондай-ақ күнтізбелік есеппен он және одан да көп еңбек сіңірген жылдары бар және мүгедек балаларды асырап-бағып отырған қызметкерлердің мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген, өздері тұратын тұрғын үйді өтеусіз жекешелендіруге құқығы бар.";

4-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Ішкі істер органдарының берілген қызметтік тұрғын үйді жекешелендіруге құқығы бар зейнеткері қайтыс болған жағдайда, жекешелендіру құқығы қайтыс болған (қаза тапқан) адамның отбасы мүшелеріне өтеді."

15. "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне екінші деңгейдегі банктердің жұмыс істемейтін кредиттері мен активтері, қаржылық қызметтер көрсету және қаржы ұйымдары мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2015 жылғы 24 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2015 ж., № 22-VI, 159-құжат; 2016 ж., № 12, 87-құжат; 2017 ж., № 9, 21-құжат):

1-баптың 6-тармағының 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"7) 243-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"243-бап. Банктің, Қазақстан Республикасы бейрезидент банкі филиалының ақшасын заңсыз пайдалану

1. Банк, Қазақстан Республикасы бейрезидент банкінің филиалы қызметкерлерінің банктің, Қазақстан Республикасы бейрезидент банкі филиалының меншікті қаражатын және (немесе) банктің, Қазақстан Республикасы бейрезидент банкі филиалының тартылған қаражатын көрінеу қайтарымсыз кредиттер беру немесе банк, Қазақстан Республикасы бейрезидент банкінің филиалы үшін көрінеу пайдасыз мәмілелер жасау үшін пайдалануы, сол сияқты банктің, Қазақстан Республикасы бейрезидент банкі филиалының клиенттеріне не басқа да адамдарға банктің, Қазақстан Республикасы бейрезидент банкі филиалының негізсіз кепілдіктерін немесе негізсіз жеңілдік шарттарын беруі, егер бұл іс-әрекеттер азаматқа, ұйымға немесе мемлекетке ірі нұқсан келтірсе, –

белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып, үш мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не сегіз жүз сағатқа

дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Банк, Қазақстан Республикасы бейрезидент банкінің филиалы қызметкерлерінің клиенттердің банктік шоттары бойынша ақша сомаларын, оның ішінде валюта қаражатын көрінеу дұрыс аудармауы немесе көрінеу уақтылы аудармауы, егер бұл іс-әрекет азаматқа, ұйымға немесе мемлекетке ірі нұқсан келтірсе, –

белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып, екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір жүз жиырма сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не қырық тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады."

2-бап. Осы Заң, 2020 жылғы 16 желтоқсаннан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 15-тармағын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

Н. НАЗАРБАЕВ